Әйтеке би аудандық білім бөлімінің №1782 шығыс хаты негізінде «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» ақпараттық науқаны барысында кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгез қарау және зорлық-зомбылық мәселелері бойынша сенім телефонының танымалдылығын арттыру және жасөспірімнің қауіпсіз жыныстық дамуы, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектептің арнайы инстаграм парақшасына бейнероликтер жүктелді. Бейнеролик барысында зорлық-зомбылық кезінде жергілікті полиция қызметі басқармасына, яғни 112 қызметіне хабарласу керектігі көрсетілді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттауға арналған арнайы бейнероликтерде көрсетілді. Ақпараттар мектептің арнайы ашылған әлеуметтік желісіне жарияланды (сілтемесі: <https://www.instagram.com/tv/CHXPRvPB4sJ/?igshid=1pyyn0pvohugu>)

13-қараша күні сәнді-қолданбалы өнер бағытында «Отбасылық шеберхана» балалар қолөнерінің онлайн көрмесіне, ата-аналардың шеберлік сыныбына мектебіміздің бастауыш сынып пән мұғалімі Маханова Маншук Раушанбековна өзінің немересімен «кұрақ көрпе құрау» әдісімен бөлісті. Атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар мектептің арнайы ашылған әлеуметтік желісіне жарияланды (сілтемесі: <https://www.instagram.com/tv/CHUIZ0h6hl/?igshid=e88s9yc2r6yh>)

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің №1682 шығыс хаты негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 16-20.11. күні 1 «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында 1-8 сынып оқушыларында сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға өз құқықтары жөнінде ақпараттар айтылып, арнайы дайындалған бейнероликтер мен презентациялар көрсетілді. Атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар мектептің арнайы ашылған әлеуметтік желісіне жарияланды (сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/CHz1qj9htfG/?igshid=ravv4a8hnlpf>)

«Әйке ЖОББМ» КММ-нің 2020-2021 оқу жылындағы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» іс-шаралар жоспарының қараша айы бойынша мектеп медбикесі А.Қ.Қазбайдың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында ZOOM платформасымен «Қан айналым жүйесі аурулары» тақырыбында онлайн дәріс оқылып, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Мектеп психологі Н.Е.Ідірісова 8-11 сынып оқушылары арасында «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» тақырыбында сауалнамалар алып, оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Мектебіміздің спорт нұсқаушысы А.А.Алибеков пен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Шынықсаң – шымыр боласың!» тақырыбы аясында 8-11 сынып оқушылары арасында қар үстіндегі футбол ойыны ұйымдастырылды. Ойын барысында оқушыларымыз белсенділік таныта отырып, нәтижесінде жүлделі 1-орынды 11-сынып оқушылары иеленіп, 2-орынды 9-сынып

оқушылары алды. Ал, 3-орынды 10-сынып оқушылары қанағат тұтты. Сонымен қатар, ойын қорытындысы бойынша қақпаға дәлдікпен 10 доп соға білген 11-сынып оқушысы Әлібеков Данияр «Үздік шабуылшы» атағын иеленді. «ҚР Мемлекеттік рәміздер» іс-шаралар жоспарына сәйкес қазан айында мектеп тәлімгерлері Ш.М.Байғожина мен Д.Қ.Куккозованың ұйымдастыруымен ZOOM платформасымен онлайн форматта 9-11 сынып оқушылары арасында «Ел рәміздері – ел рухы» тақырыбында интеллектуалдық ойыны өткізілді. Ойын барысында оқушылар белсенділік танытып қатысты. Ойын қорытындысы бойынша 9-сынып оқушыларынан құралған «Болашақ» тобы жүлделі 3-орынға ие болса, 2-орында 11-сынып оқушылары «Талапкер» тобы қанжығалады. 3-орында 10-сынып оқушыларынан құралған «Қыран» тобы иеленді. «Тәуелсіз Қазақстанның ең басты символдары» тақырыбында кітапхана меңгерушісі М.Ж.Карсакова 1-4 сынып оқушылары арасында кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме барысында мемлекеттік рәміздер туралы ақпараттар айтылды. «Рухы биік рәміздер» тақырыбында көркем еңбек пәні мұғалімі А.Б.Сабыр бастауыш сынып оқушылары арасында сурет көрмесін ұйымдастырды. тарих пәні мұғалімі Б.Р.Абдиганиевтің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында ZOOM платформасымен онлайн тарихи сағат өткізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары арасында «Рәміздерім - мақтанышым» шығарма жазудан байқау ұйымдастырылып, нәтижесі бойынша 11-сынып оқушысы Құдайберген Анеля 1-орын, 10-сынып оқушысы Жолтай Мәдина 2-орын, 9-сынып оқушысы Алтай Назерке 3-орынды иеленді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес "Тәуелсіздік тарихы" тақырыбында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында тарихи диктант ұйымдастырылды. Әлихан Бөкейханұлының 155 жылдығына арналған «Алаштың аманаты» тақырыбындағы 7-сынып оқушылары арасында тарих пәні мұғалімі Н.А.Жумағалиева танымдық сағатын өткізілді. Танымдық сағатында оқушылар Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханұлы туралы қызықты өмірдеректермен танысып, алған білімдерін шыңдау мақсатында 2 турдан тұратын интеллектуалды ойынға қатысты. 1-тур: «Алаштың аманаты», 2-тур: «Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихы» деп аталды. Шара барысында белсенділік танытқан, озық ойлы оқушылар марапатталды.

Тәуелсіздік күніне орай «Мейірім» еріктілер клубының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік - халық мұраты» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың қолдарынан жасалған бұйымдары мен түрлі түсті қағаздардан жасалған макеттер қойылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесінің «30 қайырымды іс» акциясы аясында құрылған жоспарға сәйкес мектебіміздің «Мейірім» еріктілер клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Біз біргеміз» тақырыбында ауылымыздағы тұрмысы төмен отбасыларға көмек қолдарын созды.

Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес қыркүйек айы бойынша мектеп директорының бұйрығымен оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп әкімшілігі тарапынан комиссия құрылып, бекітілді. Сонымен қатар, АӘТД пәні мұғалімі Анах Азамат Талғатұлының ұйымдастыруымен ZOOM платформасы негізінде «Терроризмге және өртке қарсы ата-аналарға арналған» онлайн жиналыстар өткізіліп, жадынамалар таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес қазан айы бойынша терроризмге қарсы бейнероликтер мен арнайы ақпараттарды мектептің әлеуметтік желісіне орналастырылды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.О.Қазбай мен АӘТД пәні мұғалімі Анах Азамат Талғатұлының ұйымдастыруымен

«Табиғи түрдегі төтенше жағдайлар кезіндегі ұйым қызметкерлерінің іс-әрекеті» тақырыбында мұғалімдер мен кіші қызметкерлер арасында практикалық сабақтар өткізілді.

Әйке жалпы орта мектебінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойыншы құрылған «Адал ұрпақ» ерікті клубының жоспарына сәйкес қазан айында тарих пәнінің мұғалімі Б.Р.Абдиганиевтің ұйымдастыруымен 11-класс оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Қоғамдық тәртіп» пікірталас өткізілді. Пікірталас барысында оқушылар өз ойларын ортаға сала білді. Қатысқан оқушыларға тапсырмалар берілді. 1-тапсырма: «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» ұғымының мағынасын ашу. «Тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» мәдениетін құрудың маңыздылығы неде? 2-тапсырма: «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның және мемлекеттің мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін кетіру» пікірін қалай түсінесіз? Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады? Пікірталас практикумы жоғары деңгейде өтіп, оқушылар берілген тапсырмаларды өте жақсы орындады.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің №1756 шығыс хаты негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2020-2023 жылдарға арналған каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1 өкіміне сәйкес, балалар арасында короновирустық инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін, оқушылардың каникул кезіндегі пайдалы және белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!» қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары бойынша 30 желтоқсан күні қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіздік негіздері» пиротехникалық құралдарын пайдалану кезінде жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік техникасы бойынша бейнероликтерді іске қосу және онлайн кездесулер өткізілді. «2020-2023 жылдарға арналған каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1 өкіміне сәйкес, балалар арасында короновирустық инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін, оқушылардың каникул кезіндегі пайдалы және белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!» қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары бойынша 31 желтоқсан күні «Жаңа жылдық онлайн шеберханасы» ұйымдастырылып, оқушылардың онлайн шығармашылық жұмыстары әлеуметтік желіге жарияланды. «2020-2023 жылдарға арналған каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1 өкіміне сәйкес, балалар арасында короновирустық инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін, оқушылардың каникул кезіндегі пайдалы және белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!» қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары бойынша 1-3 қаңтар күндері аралығында отбасылық бағыты негізінде «Біздің отбасымыздағы Жаңа жыл» фотожобасы ұйымдастырылып, оқушылардың фотосуреттері әлеуметтік желіге жарияланды. 4-5 қаңтар күндері аралығында спорттық бағыты негізінде «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» онлайн эстафетасы ұйымдастырылып, оқушылардың бейнероликтері әлеуметтік желіге жарияланды. «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!» қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары бойынша 6 қаңтар күні эстетикалық бағыты негізінде «Таланттар әлемі!» атты музыка жетекшісіні Э.Ж.Абдинаның ұйымдастыруымен мектебіміздің «Жалында» би тобы «Микки маус» биін билеп, әлеуметтік желіге

жарияланды. 7 қаңтар күні ғылыми-техникалық бағыты негізінде «Пайдалы ойындар!» тақырыбында робото-техника бойынша математика пәні мұғалімі Ғ.Женсыкбаевтың жүргізуімен 7-сынып оқушылары арасында онлайн сабақ өткізілді. «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!» қысқы каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары бойынша 8 қаңтар күні шығармашылық бағыты негізінде «Жаңа жылды қарсы алу!» тақырыбында оқушылардың әңгіме айту бейнероликтері түсіріліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

«Мейірім» еріктілер клубының жоспарына сәйкес Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне орай «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылды. Қамқорлық акциясына «Мейірім» еріктілер клубының мүшелері мен жоғары сынып оқушылары атсалысып, жалғыз басты қарттарымызға көмек қолдарын созды.

ЖҚТБ және оның алдын алуға арналған жоспарына сәйкес қыркүйек айында «ЖҚТБ -тен қалай қорғанасыз?» тақырыбында онлайн форматта слайд-дәріс өткізілді. Мақсаты: жастардың санасында ЖҚТБ жөнінде дұрыс түсінік қалыптастыру, адам өміріне қауіптілігін және жеке өмірі үшін өздері жауапты екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау, ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға толеранттылық көрсетуге тәрбиелеу. Шара барысында А.Қ.Қазбаева ЖҚТБ даму сатылары, асқину кезеңі және адамға жұғу жолдары мен оның алдын алу шаралары туралы әңгімеледі. Қатысушыларға «Құтқарылған адам алтынмен тең» атты кітап көрмесімен таныстырылды және «ЖҚТБ туралы» атты тақырыптық слайд көрсетілді. Шараның қорытындысында оқушыларға «ЖҚТБ тоқтатудың 5 қадамы» атты буклеттер таратылды. ЖҚТБ және оның алдын алуға арналған жоспарына сәйкес қараша айында «Денсаулық – байлықтан қымбат» тақырыбында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру; Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; Денесін шыдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу. ЖҚТБ және оның алдын алуға арналған жоспарына сәйкес желтоқсан айында «ЖҚТБ проблемасы және олардан сақтану жолдары...» тақырыбында мектеп медбикесі А.Қ.Қазбаева 9-11 сынып оқушыларынан сауалнамалар алынды. Мақсаты: Оқушыларға ЖҚТБ - ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. ЖҚТБ - ның адам өміріне зиянды әсерін аша отырып, олардың сана – сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір сүруге азаматты жауапкершіліктерін орнықтыру.

ЖҚТБ және оның алдын алуға арналған жоспарына сәйкес қаңтар айында «ЖҚТБ-тен қалай қорғанамыз?» тақырыбында мектеп медбикесі А.Қ.Қазбаева мен мектеп тәлімгерлері Ш.Байғожина, Д.Куккозова жоғары сынып оқушыларынан сұрақ-жауап алды. Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын-алу,оның жұғу жолдарын одан сақтана,қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу. ЖҚТБ және оның алдын алуға арналған жоспарына сәйкес ақпан айында «ЖҚТБ – ғасыр дерті!» тақырыбында мектеп медбикесі А.Қ.Қазбаева мен мектеп тәлімгерлері Ш.Байғожина, Д.Куккозова жоғары сынып оқушылары арасында конференция ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД - тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана - сезімдерін дамыта түсу.

«Мейірім» еріктілер клубының жоспарына сәйкес «Жан жылуын сыйла» акциясы аясында қарттарға карантиндік талаптарды сақтай отырып әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне орай «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылды. Қамқорлық акциясына «Мейірім» еріктілер клубының мүшелері мен жоғары сынып оқушылары атсалысып, жалғыз басты қарттарымызға көмек қолдарын созды.

Қаңтар айындағы «Мейірім» еріктілер клубының жылдық жұмыс жоспары негізінде 9-11 сынып оқушылары арасында «Болашақ – білімді жастар» тақырыбында білімділер сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділік танытып, берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берді.

ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл «Волонтер жылы» болып жарияланды. Осы бастама негізінде «Қоғамға қызмет» волонтерлік қозғалысын жүзеге асыру мақсатында мектебіміздің жанынан «Мейірім» еріктілер клубының бұрышы жасақталды. Жетекшілері: АӘТД пәні мұғалімі А.Т.Анах және ағылшын тілі пәні мұғалімі А.Нағашыбай.

2021 жылғы 2 ақпанда Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ УПИ-ры полиция капитаны Д.М.Әбдірахман және Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ КТІЖ учаскелік полиция инспекторы (білім беру ұйымына бекітілген) А.Умирзакова «Әйке жалпы орта білім беретін мектебінің» 9, 10 және 11 сыныптағы оқушыларымен кездесіп, Б.Бейсенов атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясына күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға қабылдау ережелері бойынша түсіндіру жұмысын өткізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес Жоғары сыныптар арасында кәмілетке толмағандарға қатысты "Құқық бұзушылықтың алдын алу" бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жол ережелерінің тәртібін сақтау; кәсіби бағдар болашақ мамандық таңдауда маңызды тақырыптарында ақпараттар айтылды. Кәсіби бағдар беруші: ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Әбдірахман Дидар Мерекеұлы.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ZOOM платформасында өткізілген "Құқық бұзушылықтың алдын алу", "Құқықтық мәдениетті көтеру" тақырыбында аудандық сот төрағасы А.С.Аятов және Әйтеке би ауданының прокуроры У.Орынбасарұлымен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің 8-сынып оқушылары қатысты. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім мен мектеп психологі Н.Ідірісова «Девиантты оқушылар» тақырыбы негізінде оқушылар арасында бұл категорияға жататын балаларды анықтау мақсатында сауалнама, құқықтық сағаттар шараларын жүргізді, нәтижесінде бұл топқа жататын оқушылар анықталған жоқ. Сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Тәртіп ережелерін және мектеп Жарғысын орындау» бойынша барлық сыныптарда ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Сынып жетекшілері, МДТІЖО К.О.Қазбай, әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім, мектеп психологі Н.Ідірісованың қатысуымен «Отбасылық тәрбиенің мәселелері» бойынша барлық сыныптарда ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы ата-аналар жиналыстары өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес 10.02. күні мектеп психологі Н.Ідірісова «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбы негізінде 9-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 11.02. күні «Тәртіп сақшылар» тобы түнгі рейд жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында құқық бұзушылық орын алған жоқ. Түнгі рейд жүргізген кезекші мұғалімдер А.Т.Анах және Т.Е.Әбдікәрім.

«Әйке жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мектебімізде «Тәуекел топқа» жататын және де есепте тұрған

оқушылар жоқ. Сонымен қатар, жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс шаралардың жоспары оқушылардан бөлек жыл сайынғы дәстүр бойынша ата-аналарға да жиналыс жасалып түсіндіріліп өтті. Оқу жылының басында құқықбұзушылық туралы әр класс жетекшілері де өз жұмыстарын жүргізіп отырды.

02.09.2020 жылы мектеп директорының №58 бұйрығы негізінде «Тәртіп сақшылары» тобы қайта құрылып, өз жұмыстарын уақытылы атқарды. Оның құрамында мектеп әкімшілігі және де барлық мұғалімдер кіргізілді. Топтың мақсаты – мектеп оқушыларының мезгілсіз уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау, кезекшілік бойынша түнгі уақытта көшеде беймезгіл және бейсауыт жүрген оқушыларды анықтап, ата аналарына тапсырып, түсініктемелерін ала отырып, сынып жетекшілеріне және мектеп директорына хабарлап отыру. Осы уақытқа дейін жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық туралы арыз шағым түскен жоқ. Сонымен қатар, сенім жәшігіне түскен арыз-шағым жоқ.

Әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім мен мектеп психологі Н.Ідірісова қараша айындағы жоспарға сәйкес кәмілетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу жұмыстарын жүргізді. Желтоқсан айында барлық сыныптар бойынша «Отбасылық тәрбиенің мәселелері» тақырыбындағы онлайн режимде ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы сыныптық ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің №1751 шығыс хаты негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қоғам құндылығы» арнайы жобасын іске асыру мақсатында жоспарға сәйкес «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы бойынша бағыты негізінде қаңтар айында «ЖӘДІГЕР» әкелер мектебі құрылып, оқушыларымызға шанамен тебуге арналған арнайы "СЫРҒАНАҚ" алаңын жасады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қоғам құндылығы» арнайы жобасын іске асыру мақсатында жоспарға сәйкес «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы бағыты негізінде құрылған «Жәдігер» әкелер мектебінің жоспарына сәйкес мектебімізде 5-8 сынып оқушылары арасында «Мен әкеммен мақтанамын» бейнешеруі ұйымдастырылды. Мақсаты - ата-ананың мектеппен байланысын дамыту, жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Бейнешеру қорытындысы бойынша оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай “Жыр алыбы Жамбыл” атты 5-11 сынып оқушылары арасында жыр оқу сайысы өткізілді. 9-11 сынып оқушыларымен тарих пәні мұғалімі Б.Р.Абдиганиев “1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың ақиқаты” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. 1-сәуір құстар күніне орай “Қанатты дос - қылқаламның ұшында” атты 1-4 сыныптарға сурет көрмесі өткізілді. 12 сәуір - Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне орай 3-4 сыныптарға “Қазақстан ғарышкерлері” туралы бейнефильм көрсетілді. 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-4 сыныптар арасында “Қазақстан - бірлік пен татулықтың мекені!” тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтті. 5-8 сыныптар “Ұлттар достығы” әр ұлттың биін биледі. 9-11 сыныптар “Достығымыз жарасқан” 1 мамыр күніне орай құттықтаулар жолдады. 7 мамыр Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай іс-шара жоспары жасалды. Жоспар бойынша 1-4 сыныптар арасында “Есімдері ел есінде” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. “Ерліктерің ешқашан ұмытылмайды!” кітап көрмесі ұйымдастырылды. “Ерлер - жердің қорғаны, елдің тұтқасы!” ер балалар арасында спорттық жарыс және “Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында” танымдық сағаты өткізілді.

2021-2022 оқу жылына арналған Әйке жалпы орта білім беретін мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән беред.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

➤ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

➤ Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

➤ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

➤ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

➤ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ❖ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ❖ Рухани-танымдық тәрбие.
- ❖ Ұлттық тәрбие.
- ❖ Отбасылық тәрбие.
- ❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу:

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1. Рухани-танымдық тәрбие:

Мақсаты: Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениеттің, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастырады.

2. Ұлттық тәрбие:

Мақсаты: Құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте музейлер ашу; атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер; сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Отбасылық тәрбие:

Мақсаты: Құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

4. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

Мақсаты: Оқушылардың бойында: еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие:

Мақсаты: Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу:

Мақсаты: Білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттылық мәдениеті – кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастырады.

7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру:

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастырады.

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, баллар, оқылық!» салтанатты жиыны 1 – сынып үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Ал, 2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар мектебімізде оқушылардың қатысуымен кең көлемде жобалар іске асырылуда. Білім алушылардың өзін – өзі басқаруы, Дебат клубы және оқуға құштар мектеп. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

2021-2022 оқу жылына мектептегі тәрбие жұмысының мәртебесін көтеру үшін мынадай мақсаттар мен міндеттер қойылды:

- Кешенді бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыру
- Оқу жылына мектептегі тәрбие жұмысының мәртебесін көтеру үшін төмендегідей мақсаттар мен міндеттер қойылды:
- Тәрбие жоспары құрылған кезде оқушылардың тәрбиелік деңгейіне қарап, берілген ұсыныстарды ескеру;
- Жалпы құқықтық білім беру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
- Мектепшілік және әр класта өзін – өзі басқару жүйесін дамыту, кластарда тәрбие моделін әр қарай дамыту;
- Ата–аналармен тығыз байланыста болып, психологиялық қызметті тұрақты түрде көрсету;
- «Тәуекел» топтағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, нақты, жүйелі іс – шаралар өткізу;
- Класс жетекшілерді жаңа тәрбие технологияларымен таныстыру;
- Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау;
- Үйірме, секция жұмыстарының белсенділігін арттыру.

Мектептегі оқу-тәрбие процесінде тәрбие жұмысы әр түрлі деңгейде қаралды:

2021-2022 оқу жылында өткізілген педагогикалық кеңесте, әкімшілік жиналыстарында, директор жанындағы отырыстарда, ата – аналар жиналыстарында және класс жетекшілер кеңестерінің отырыстарында: «Жалпы адамзаттық құндылықтар – тұлғаны рухани адамгершілік тәрбиелеудің негізі», «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен оқушылар ұйымының жұмыстарын ұйымдастыру, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Қоғам құндылығы» жобасы, бірыңғай ата – аналар сағатын ұйымдастыру туралы, «Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік», «Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігі», «Мектеп бітіруші түлектердің еңбекке орналасуы», «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу», «Баланың бос уақытын тиімді пайдалану», «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясының орындалуы, «Үйірме, спорт секцияларының жұмыстарын бақылау», «Оқушылардың сабаққа қатысуын», «Өзін – өзі басқару органы: Мектеп парламенті» жұмыстарын ұйымдастыру тақырыбында сұрақтар көтерілді. Тәрбие мәселелері кешенді бағдарламаның орындалуы, сыныптардың тәртіп деңгейлерін бақылау, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау класс жетекшілер отырысында қаралды. Сондай – ақ, класс жетекшілер отырысында төмендегі тақырыптар бойынша жұмыс жүргізілді: «Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік құжаттармен танысу», «Мектептегі қосымша бағдарламалардың орындалуы туралы», «Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар түрлері», «Ата – аналарға психологиялық қызмет көрсету», «Ата – аналар жиналысын өткізу формалары», «Ата – ана, ұстаз оқушы» және тағы да басқа.

Тәрбие жоспарына енгізілген атаулы күндер:

- ✓ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл; Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл;
- ✓ Қазақтың аса көрнекті ағартушы - педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл;
- ✓ Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл;
- ✓ Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – 160 жыл;
- ✓ Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – 155жыл;
- ✓ Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына–150 жыл;
- ✓ Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл;
- ✓ Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғамқайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл.

Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- «Дебат»қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы–мектеп»;
- «Құқықтық сана–қауымға пана»;
- «Дәстүр мен ғұрып»;
- «Еңбек–елдің мұраты»;
- «Үнем–қоғам қуаты»;
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- «Қоғамға қызмет»;
- «Музей сабақтары»;
- «Театр сабақтары»жобасы.

Жоғарыда аталған бағыттар мен жобалар бойынша сынып жетекшілерге танысырылып, жоспарлар құрылып, іс-шаралар жүргізілді.

Мектептегі сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамыту бағдарламасына сәйкес оқушылардың интеллектуалды патриоттық рухани дамуын қамтамасыз ететін біртұтас идеологиялық

және құндылық негізінде жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы мектеп, отбасы және қоғамның барлық мүдделі тараптарының қатысуымен кешенді түрде жүргізіледі. Бақылау барысында мұғалімдер мен тәрбиешілердің сынып сағаттары мен сабақтан тыс жұмыстары, үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары құрылған, олардың мақсаттары мен міндеттері бағдарламаларды әзірлеу технологиясында ұсынылған нормаларға сәйкес келетіндігі анықталды. Сабақтан тыс іс-әрекеттегі балалар бірлестіктерінің тізімдік құрамы педагогтердің ұсынуымен және оқушылардың қалауымен анықталды. 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшелігі орта білім беру ұйымдарында

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы құндылыққа бағытталған оқыту тәсілдерін енгізу болып табылады. Мектептегі тәрбие жұмысы білім алушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста өзара іс-қимылды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыттарының жүзеге асырылуы үнемі бірінші кезекте тұрады.

Ұйымдастырылған сабақтан тыс жұмыстардан басқа мектепте үйірме, клуб, секция, әлеуметтік жобалар жұмыстары да оңтайлы жұмыс істеуде. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда үйірме, клуб, спорттық секциялардың, жобалардың жұмысы оң нәтиже беруде.

Педагогтердің сабақтан тыс сабақтарына қатысу барысында анықталғаны балалардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін педагог көп жағдайда сабақ жүйесінен басқа еркін шығармашылық тұрғыда жұмыс жасайтындығын көрсетті. Мұндай жұмыс балаларға бос кеңістікте қозғалуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, болашақ кәсіптік бағыт-бағдар алуға мүмкіндік береді.

Отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық барысында “Мен және менің отбасым” сурет көрмесі, “Менің отбасым” шығармалар байқауы, “Ұрпақ жақсысы - ұядан” үлгілі отбасы туралы слайдтар жасалып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Халықаралық қарттар күніне арналған “Қарттарым - асыл қазынам” атты іс-шаралар жоспары құрылып, “Атамның даналық өсиеті” тақырыбында ата-әжелерімен әңгіме жүргізілді. Еріктілердің қатысуымен карантиндік талаптарды сақтай отырып, көмек көрсетілді.

Ұстаздар мерекесіне арналған “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты іс-шара өткізілді. “Ұстаз сізге мың алғыс” тақырыбы аясында мектеп тұлғалары ұстаздар қауымын құттықтады. 9-11 сынып оқушылары “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты мерекелік концерт ұйымдастырды.

Алтын күз мерекесіне орай 1-2 сыныптар арасында фотобайқау өткізілді. 3-4 сыныптарға сурет көрмесі ұйымдастырылса, 5-11 сыныптарда “Күз сыйы” Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қолөнер бұйымдарын жасады.

1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай 5-11 сыныптар арасында “Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Бір ел, бір тағдыр” тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Кітап көрмесі, пікірсайыс турнирі және де бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-11 сыныптар арасында “Менің Тәуелсіз Қазақстаным” сурет және қолөнер байқауы өткізілді. 1-11 сыныптарға “Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Жаңғыру жолы” деректі фильмі көрсетілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 2-5 сыныптарды “Жас Ұлан” және “Жас Қыран” балалар жасөспірімдер қозғалысы қатарына қабылдау салтанаты өтті. 5-11 сыныптарда “Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл” тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

1 наурыз “Алғыс айту” күніне орай мектеп парламенті мүшелері мен “Жас Қыран” мүшелері өздерінің жүрек жарды жылы лебіздерін жолдап, мейраммен құттықтады. 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті. “Сыйынар ем, Ана деген тәңірге...” тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік концерт өткізілді. Мерекеге орай мектебімізде ұзақ жыл тынбай қызмет етіп, қазіргі таңда сол бейнетінің зейнетін көріп отырған ұстаздарымызды мектеп ұжымы

құттықтап барды. 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай жоспар құрылды. Жоспар бойынша 14 наурыз “Көрісу күні” мен “Шаттық күніне” орай мектеп ұжымы “Бесікке салу” рәсімін крсетті. 15 наурыз күні көркем еңбек пәні мұғалімі А.Б.Сабыр қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізді. 16 наурыз “Жайлау күні” мен “Сарқыт күніне” орай оқушыларымыз мектеп ауласында өсіп тұрған гүлдердің топырағын қопсытып, тыңайтты. 17 наурыз “Игі істер күні” қайырымдылық күніне орай жәрмеңке ұйымдастырылып, түскен қаражатқа азық*түлік алынып, ауылымыздың азаматтарына табысталды. 18 наурық “Ұлттық спорт күніне” орай қазақша күрестен сайыс ұйымдастырылды.

12 сәуір - Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне және Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай “Талғаттың аспаны” деректі фильмі көрсетілді. 5-11 сыныптарға “Қазақтың текті қыраны” тақырыбында эссе өткізілді.

1 мамыр - Қазақстан халықтары бірлігі күніне орай 1-11 сыныптарда “1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні” бірлік сағаттары өткізілді. 1-4 сынып оқушылары “Қазақстан - көп ұлттың мекені” тақырыбында сурет салды. 5-8 сыныптар “Ұлттар достығы” биін биледі. 9-11 сынып оқушылары “Қазақстан - біздің сүйікті, ортақ Отанымыз!” тақырыбында құттықтауларын жолдады. 7 мамыр Отан қорғаушылар мен 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай 1-11 сыныптар арасында “Ерлік - ұрпаққа мұра”, “Біз Отан қорғаушылармыз”, “Еркін елдің ұланымыз” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Барлық өткізілген офлайн және онлайн іс-шараларды “Instagram” әлеуметтік желісінен мектептің күн сайынғы атқарылып жатқан жұмыстары ата-аналар мен білім алушылар назарына ұсынылып отырады

2020-2021 оқу жылындағы Әйке ЖОББМ бойынша спорттық секция жұмысы:

№	Үйірмелер		Қатысатын оқушылар саны	Барлық оқушылар саны
1	Қазақ күресі	А.А.Алибеков	25	133
2	Волейбол (қыз балалар)	Қ.О.Зайып	20	
3	Волейбол (ер балалар)	М.М.Нұржігіт	20	
4	Футбол	А.Аманжолұлы	13	
5	Коньки тебу	А.Аманжолұлы	12	
6	Үстел теннисі	М.М.Нұржігіт	10	
7	Шаңғы тебу	Қ.О.Зайып	12	
8	Тоғызқұмалақ	А.А.Алибеков	10	
9	Шахмат	А.А.Алибеков	11	

Спорттық секция, клуб жұмыстарына қатысуларының нәтижесі. Мектеп оқушыларының бос уақыты 100% үйірме, секция, клуб жұмыстарымен қамтылған. Үйірме жұмысын дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру үшін баланың қызығушылығын анықтайтын сауалнамалар алынған. Үйірме жұмысының түрлендіріп өтуіне бақылау мен басшылық жасау, кәсіби бағдар беру. Оқушыларды тәрбиелеуде бірігіп жұмыс істеу үшін, мектеп пен мектептен тыс мекемелердің, кәсіпорындардың, шығармашылық ұжымдармен байланысты нығайту; үйірмелер, клубтар және балалар бірлестігінің іс – әрекеттерін реттеу, үйлестіру, оның жұмысын насихаттау;

жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның жанұясымен байланысты қамтамасыз ету; мектепте сыныптан тыс іс – шараларға қатысу; педкеңеске тәрбие жұмысы туралы ұсыныс жасау;
 тәрбие жұмысына байланысты белгіленген есептің, өтілген іс – шаралар жоспарының дер кезінде дайын болуын қамтамасыз ету;
 тәрбие саласына жауапты мамандар туралы, тәрбие саласын дамыту жолдары, тәрбие ісінде озық үлгілер көрсеткен мұғалімдерді марапаттау, өз ісіне салғырт қарағандарға шара қолдану туралы ұсыныс жасау;
 патриоттық-елжандылық, саяси-құқықтық, рухани адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмыстардың жүргізілу сапасын бақылау;

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР мен ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУ ТИІМДІЛІГІ

	Байқаудың атауы	Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	Қаныбекова Тамаша	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Ақтасты мектебінің жүлдесі үшін волейболдан қыз балалар 2 орын алған Әйке командасының ойыншысы, 2022 жыл		
2	Жарасова Аягөз	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Ақтасты мектебінің жүлдесі үшін волейболдан қыз балалар 2 орын алған Әйке командасының ойыншысы, 2022 жыл		
3	Әйке командасы	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Ақтасты мектебінің жүлдесі үшін волейболдан қыз балалар 2 орын, 2022 жыл		
4	Қасымбекұлы А.	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген кенші, Еңбек Қызыл Ту және Құрмет ордендерінің иегері Әлсәбір Дәрменбаев атындағы волейболдан аудан біріншілігінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2022 жыл		

5	Айдарханұлы А.	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген кенші, Еңбек Қызыл Ту және Құрмет ордендерінің иегері Әлсәбір Дәрменбаев атындағы волейболдан аудан біріншілігінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2022 жыл		
6	Әйке командасы	«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген кенші, Еңбек Қызыл Ту және Құрмет ордендерінің иегері Әлсәбір Дәрменбаев атындағы волейболдан аудан біріншілігінде 2 орын, диплом 2022 жыл		
7	Сұлтан Аян	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		
8	Сұлтан Бекзат	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		
9	Қасымбекұлы Асылхан	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		

10	Жолтай Жандос	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		
11	Мадраимов Руслан	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		
12	Айдарханұлы Айдын	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған волейболдан Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жүлдесінде 2 орын алған Әйке ЖОББМ командасының ойыншысы, грамота 2021 жыл		
13	Әйке командасы	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылған қыз балалар арасындағы Қайратбек Көккөзов атындағы волейболдан 2 орын		
14	Әйке командасы	Қ. Көккөзов атындағы аудандық волейбол жүлдесінде 2 орын, 2018 жыл		

15	Әйке командасы	Ақтасты ауылы, Абай атындағы орта мектебінің жүлдесі үшін қыз балалар арасындағы аудандық волейбол турнирі 1 орын, 2018 жыл		
16	Дүйсен Г	Ақтасты ауылы, Абай атындағы орта мектебінің жүлдесі үшін қыз балалар арасындағы аудандық волейбол турнирі 1 орын алған Әйке командасының ойыншысы, 2018 жыл		
17	Жәлел З	Ақтасты ауылы, Абай атындағы орта мектебінің жүлдесі үшін қыз балалар арасындағы аудандық волейбол турнирі 1 орын алған Әйке командасының ойыншысы, 2018 жыл		
18	Сағынышқызы Айтолқын	Қ. Көккөзов атындағы аудандық қыз балалар арасындағы волейбол жүлдесінде үздік ойыншы номинациясы, 2019 жыл		
19	Қаныбекова Тамаша	Қ. Көккөзов атындағы аудандық қыз балалар арасындағы волейбол жүлдесінде үздік ойыншы номинациясы, 2019 жыл		
20	Дүйсен Жанель	Қ. Көккөзов атындағы аудандық қыз балалар арасындағы волейбол жүлдесінде үздік ойыншы номинациясы, 2019 жыл		

Мектепте қосымша сыныптан тыс клубтар және ұйымдар жұмыс жасайды:

- «Тәртіп сақшылар» клубы- 30 %
- «Көркем» қыздар клубы-70%
- «Жігер» әскери патриоттық клубы-30%
- «Мейірім» еріктілер клубы -85%
- «Адал ұрпақ» клубы-30%
- «Жәдігер» әкелер клубы-20%
- «Айқаракөз» аналар клубы-20% «ОРАТОР.KZ» дебат клубы- 80 %
- «Айжұлдыз» балалар және театр клубы 35%
- «Жас ұлан, Жас қыран» -70%

«Өзін –өзібасқару ұйымы» - 80%

«Эдельвейс» дебат клубы - 80%

Мектептегі клубтардың мақсаты: ерте жүктіліктің, құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу, оқушыларға эстетикалық, патриоттық тәрбие беру болып саналады.

Клуб жұмыстарын жүргізудегі кедергілер:

1.Мектептегі бестік одақтың әлсіз байланысуы;

2.Жаңаша идеялардың аздығы;

Кедергілерді жою үшін мынадай міндеттерді алға тартамын:

1.Қандай іс-шара болмасын бекітілген жауаптылардың бестік одақты хабардар ету;

2.Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандару.

Мектебімізде тәртіп сақшылар тобы құрылып, жүйелі жұмыс жасауда. “Көркем” қыздар клубының жетекшісі болып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Куккозова Дана Қайратбековна бекітілді. 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құрып, мектебіміздің қыз балаларына арналған іс-шаралар тұрақты түрде өтуде.

2019 жылы №64 бұйрық негізінде “Жігер” әскери патриоттық клубы құрылды. Жетекшісі ретінде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Анах Азамат Талғатұлы бекітілді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында “Адал ұрпақ” клубы жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Сонымен қатар, мектебіміздің белсенді оқушыларынан құрылған “Эдельвейс” дебат клубының жетекшісі болып тарих пәні мұғалімі Қазбай Күнбибі Оразалықызы бекітілді. Клубтың жұмыс жоспары бекітіліп, құрамына 6-11 сынып оқушылары қабылданды. 2021 жылы оқушыларымыз Ақтөбе Пікірталас орталығы ұйымдастырған “Болашағымыз бірлікте” турниріне қатысты. Сонымен қатар, Ақтөбе Пікірталас орталығы және “Алматы дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен “Бірлігіміз жарасқан” атты республикалық пікірсайыс турнирінде “Шебер сөз” номинациясы бойынша клуб президенті Жолтай Лаура ие болды. Ідірісова Камила Ақтөбе Пікірталас орталығы және “Алматы дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен “Бірлігіміз жарасқан” атты республикалық пікірсайыс турниріне қатысқаны үшін арнайы сертификатымен марапатталды. Ақтөбе облысы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен “Болашағымыз бірлікте” атты Ақтөбе мектеп лигасының жас буындарына арналған облыстық онлайн-турнирінде “Талантты ойыншы” номинациясы бойынша Жакенова Дильназ ие болды.

2021-2022 оқу жылында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен “Жалынды жастар - жарқын болашақ” атты пікірсайыс турнирінде жүлделі “Эдельвейс” фракциясы I орын, “Дылмар” фракциясы III орынға ие болып, оқушыларымыз облыстық турнирге жолдама алды. Сонымен қатар, Еркінбекқызы Жанар “Үздік спикер” атағына ие болды. Облыстық дебат турнирінен “Эдельвейс” фракциясы Ідірісова Камила мен Еркінбекқызы Жанар жүлделі II орын иеленіп, Республикаға жолдама алып, Республикалық дебат турниріне қатысқаны үшін марапатталды. “Ақтөбе-Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен қашықтықтан өткізілген республикалық “Ұшқыр ой алаңы” дебат турнирінің облыстық кезеңінде “Эдельвейс” дебат клубы мүшелері жүлделі II орынға ие болды.

2022-2023 оқу жылына арналған Әйке жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие жұмысының жоспары тәрбие үдерісіне қатысты негізгі білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің құқықтық базасын төмендегідей құжаттар тізімі құрайды:

- 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заң;
- «Сапалы білім» Білімді ұлт» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 хабарламасы);
- «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 бекітуі);
- «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21 рұқсаты;
- Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз);
- Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар).

2022-2023 оқу жылына арналған Әйке жалпы орта білім беретін мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тұлға тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) әрбір адамның әл-ауқатын нығайту, ұлттық санасезімді қалыптастыру, жеке және қоғамдық құндылықтарды қайта зерделеу, әлеуметтік әділеттілікті, өркендеген әрі орнықты азаматтық қоғамды дамыту үшін баршаға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету идеялары мен Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық салаларын жаңғырту мақсатында әзірленді. Абай шығармашылығындағы үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі «Толық адам» философиясы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басты идеясы ретінде танылады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде айқындалған құндылық бағдарлары әрбір отбасын тәрбие процесіне белсенді қатыстырудың жүйелі тәсілін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның қазіргі балалар мен жасөспірімдер жағдайы туралы зерттеулері, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» сияқты бағдарламалық мақаласының негізгі идеялары, «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде азаматтық қоғам мен мемлекет, білім беруді дамыту үрдістері ескерілді. Осы орайда, бала – қоғамның тең құқылы тұлғасы, оның тәрбиесі мен дамуының субъектісі ретінде қарастырылады.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаты – құндылықтар негізінде даму мен қалыптасудың барлық кезеңдерінде жеке тұлғаның әлауқатын қамтамасыз ету үшін тәрбиелеудің кешенді экожүйесін анықтау. Бұл құжаттың алдына келесі міндеттер қойылды:

- Еліміздегі және әлемдегі өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ағымдағы жағдайын зерттеу;
- Үздіксіз білім беру жүйесінде балалар мен жастарды тәрбиелеудің әдіснамалық негіздері мен құндылық бағдарларын айқындау;
- Білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу және білім беру бағдарламалары мазмұнының тәрбиелік әлеуетін арттыру мақсатында оқыту мен тәрбиелеуді тиімді интеграциялау үшін жағдайлар жасау;
- Білім беру ұйымдарында тәрбие тәжірибесінің көптүрлілігі үшін мүмкіндіктер жасау;
- Балалар мен жастарды тәрбиелеу мен дамытудың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға отбасын, қоғамды, мемлекеттік ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту жолдары мен тетіктерін айқындау.

Еліміздің оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан білім беру тәжірибесі әртүрлі тәсілдермен сипатталады. «Отбасы – орта мектеп», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Еңбек – елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Экологиялық мәдениет бала күннен», «Қоғамға қызмет», «Психологиялық қызмет пен мектептің бітімгершілік қызметін ұйымдастыру», «Мектеп өмірінің бір күні» атты шаралар жас ұрпақтың бойына адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

➤ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

➤ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

➤ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ❖ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ❖ Рухани-танымдық тәрбие.
- ❖ Ұлттық тәрбие.
- ❖ Отбасылық тәрбие.
- ❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Күтілетін нәтижелер:

-Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

-Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;

-Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;

-Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;

-Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;

-Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;

-Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

-Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

-Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

-Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады. Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Қыркүйектің бірінші күні Әйке жалпы орта білім беретін мектебінде білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектепте жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен ролін айқындайтын іс-шара болып табылады. Салтанатты жиын барысында мектебіміздегі “Өзін-өзі басқару” ұйымының Президнеті болып сайланған 9-сынып оқушысы, оқу үздігі, “Эдельвейс” дебат клубының үздік ойыншысы Еркінбекқызы Жанар Мемлекеттік туды көкке көтерді.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;

- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;

- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;

- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Сонымен қатар, Әйке жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылғы 1 қыркүйек күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында мектебіміздің 1-11 сыныптарға бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Мектебімізде оқушылардың қатысуымен кең көлемде жобалар іске асырылуда. Білім алушылардың өзін – өзі басқаруы, Дебат клубы және оқуға құштар мектеп жобасы. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда. Тәрбие жұмысының моделін жасау арқылы күтілетін нәтижелер:

•Инновациялықтехнологиялардытәрбиесаласынаендіру, ;

•Озаттәжірибеніжалпылау, тарату;

•Оқушылардыңтанымдық, құндылық, шығармашылық, коммуникативтік, көркемдікпотенциалдарынаарттыру;

- Тәрбие саласын басқаруда жаңа идеяларды жүйелеу
- Түрлізаманауисайыстар мен конференциялар ұйымдастыру, желілік қоғамдастық құру;
- Сыныпжетекшілер мен тәрбиеленушілердің жаңашылдығын бағалау өлшемдерін жасау;
- Сыныпжетекшілер жұмысының инновациялық қызмет мониторингісін дайындау.

Оқу жылы барысында өскелең ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «Зерде» (танымдық), «Руханият» (адамгершілік, адалдық), «Отан» (патриоттық), «Салауат (салауатты өмір салты), «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік), «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыттары бойынша жұмыстар жасалды. Отан бағыты бойынша «Армысың алтын ұя мектебім» атты салтанатты жиын өткізілді. Отан бағыты бойынша қыркүйек айында Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай ҚР халықтарының тілдер күніне жоспар құрылды. Жоспар бойынша «Ұлт ұстазы» тақырыбында ақынның өлеңдері оқылып, орыс тіл пәні мұғалімі И.Кыныртаева «Ертегілер әлемі» атты бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер қойылым қойылды. Руханият бағыты бойынша «Тәрбие басы – отбасы» оқушылар арасында флэшмоб ұйымдастырылып, түрлі спорттық шаралар өткізілді. «Зерде» (танымдық) бағыты бойынша «Менің Отбасым» тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Зерде бағыты бойынша «Денсаулық фестивалі – 2022» аясында спорттық жарыс өткізілді. Жарысқа мектеп оқушылары мен қатар мектеп мұғалімдері, Әйке «Айгөлек» бала бақшасының ұжымы сонымен Әйке ауылдық округы әкімшілігінің қызметкерлері қатысып жүлделі I,II,III орындарға ие болды. Руханият бағыты бойынша адамгершілікке, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» ардагерлермен сұхбат жүргізілді. Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу «Адамзаттың ұлы ұстаздары» атты «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен ән кеші өткізілді. Отан бағыты бойынша Азаматтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны» атты интеллектуалдық ойындар өткізілді. Салауат бағыты бойынша «Дұрыс тамақтанып, қуатты бол» Денсаулық күніне орай жаттығулар жасап, видеоролик инстаграм желісіне жарияланды. Отан бағыты бойынша Оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес!» бейнеролик ұйымдастырылды. Қыз балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, ұлтжандылыққа, әсемділікке тәрбиелеу мақсатында «Бой түзеу – әуелі ой түзеу» атты қыздар жиналысы өткізілді. «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты бойынша оқушыларға күзгі табиғаттың құбылыстарын, әсемдігін жеткізу мақсатында «Беркекелі алтын күз» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары көңілді ән сыйлап, сән үлгісіне қатысқан оқушылар марапатталды. 5-8сынып оқушылар арасында «Күз ханшайымы мен Күз ханзадасы» атты байқауы өткізілді. Байқауға III орын 7сынып оқушысы Қазі Темірлан мен Әбдібай Асылжан, II орынды 5 сынып оқушысы Сақыпбек Мағжан мен Нұрлан Назым, I орынды Рысқұлбек Ескендір мен Ертай Толқын иеленсе ал, бас жүлдеге Айтбай Сұлтан мен Жолтай Ақниет ие болды. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 3-4 сынып оқушылары арасында “Ар-ождан - адамдық өлшемі тақырыбында адалдық ағашы ой-бқлісу сабағы өткізілді. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Әделвейс” дебат клубының мүшелері арасында “Адал бол, адам бол!” тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 10-сынып оқушыларымен “Адам бойындағы асыл қасиет” тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді және барлық сыныптарда “Адалдық адамдықтың белгісі” тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді. “Ақтөбе-Дарын” өңірлі ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы Қазақстан халқы Ассамблеясының “Мың бала” республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында “Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы” атты жалпыхалықтық ашық диктант өткізілді. Оқу

жылының алғашқы апталарында барлық сыныптарда “Баланың бас ұстазы - ата-ана!” тақырыбында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық барысында “Отбасы - тәрбие бастауы” атты 9-сыныпта пікірталас сабағы өткізілді. “Отбасы - ұлттың тірегі” тақырыбында ата-аналардың қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды. 5-сынып оқушылары ата-аналарымен мектеп психологі Н.Е.Ідірсова “Отбасы - өмір айнасы” тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін “Ұстаздар” мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 3-қазан күні “Өзін-өзі басқару ұйымының” жетекшілігімен “Дублер күні” өткізілді. Ұстаздар күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында мектебіміздің парақшасы арқылы “Бала тілі - бал” бейнеролик түсіру айдары болып өтті. Және де мектеп психологінің ұйымдастыруымен “Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті” тақырыбында ұстаздарымызбен психологиялық тренинг өткізілді. “Ойлы болсағ озып көр” тақырыбында ұстаздар мен оқушылар арасында шахмат және дойбы ойындарынан сайыс ұйымдастырылды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі “Ұстазыңды құттықта” байқауын жариялады. Байқауға мектебіміздің түлектері қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Жол жүру ережелері жоспарына сәйкес “Жол тәртібін жадында ұста” тақырыбы аясында 1-4 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 25-қазан республика күнін мерекелуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Қазақстан - достық мекені” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жоспарға сәйкес 1-4 сынып оқушыларына “Тұғыры биік - Тәуелсіз Қазақстан” тақырыбында бірыңғай диктанат жазу өткізілді. Сонымен қатар, “Менің Отаным - Қазақстан” тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. “Республика! Ерікті ел - Қазақстан” тақырыбында мерекелік кешімен қорытындыланды.

Класс жетекшілермен жұмыс

2021-2022 оқу жылында класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі болып ағылшын тілі пәні мұғалімі М.Н.Тлесова бекітілді. 1-11 класс жетекшілеріне тәрбие жұмысының жоспары және мемлекеттік қосымша бағдарламалармен жүргізілетін жұмыстар бойынша 8 бағыт-бағдар берілді. Осы аралықта атқарылған класс жетекшілердің тәрбие жұмысын зерделенді.

2021-2022 оқу жылы бойынша 12 класс комплекті жұмыс жасады. Оқу жылының басында класс жетекшілер 01.09.2021 жылдың №39 бұйрығымен бекітілді.

- 1 класс - Г.Хамзина
- 2 класс - М.Р.Маханова
- 3 “а” класс - К.Н.Усенова
- 3 “ә” класс - Ж.Д.Сабыралиева
- 4 класс - М.Н.Молдашева
- 5 класс - М.Н.Тлесова
- 6 класс - Н.Т.Рахметқалиева
- 7 класс - И.Г.Кыныртаева
- 8 класс - Д.К.Куккозова

9 класс - А.Ж.Баймаханова

10 класс - З.Е.Ермаханова

11 класс - Г.Н.Сарсембаева

Класс жетекшілердің әдістемелік жұмысы туралы.

Класс жетекшілері әдістемелік бірлестігінің өзекті мәселесі:

- Класс жетекшілердің тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағытындағы потенциалын көрсету

Класс жетекшілердің әдістемелік жұмысының мақсаты:

- педагогтардың өз кәсіби құзыреттілігін көтеруге ықыластылығын арттыру;

- озық іс-тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату;

- класс жетекшілерін заманауи озық технологиялармен қаруландыру және заман талаптарына сай әдіс – тәсілдерді меңгерту;

Міндеттері:

- Мектептің қоғамдық өміріне тікелей қатысу;

- Бала тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік, құқықтық, салауаттылық, кәсіби бағытта ықпалдықтар жасау;

- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушыларға қол ұшын беру;

- Оқу-тәрбие үрдісінде демеушілік көмек көрсету;

- Мектептің қоғамдық белсенділігін арттыру;

Класс жетекшісінің негізгі міндеттері:

- Сыныпта оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау, оның орындалуын қамтамасыз ету;

- Сыныпта жеке тұлғаның жағымды потенциалын дамытатын тиімді оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;

- Оқушыларды сыныптық және қоғамдық ұйымдардың іс-шараларына тарту;

- Әр оқушының жек бас қасиеттерін, қабілетін жан-жақты бақылап, зерттеу;

- Әрбір оқушының психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кәсіптік бағдарлығын, қасиеттерін қалыптастыру;

- Оқушылардың құқықтарын және әлеуметтік жағдайларын қорғау;

- Оқушыға қиын мәселелерді шешуге көмектесу;

- Ата-аналармен байланыс орнату, оларды оқушыларды тәрбиелеуге жұмылдыру;

- Мұғалімдер мен отбасы тәрбиесіндегі талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;

- Тәрбие жұмысының нәтижесін көрсететін құжаттармен жұмыс;

- Өзіндік білім деңгейін жетілдіру және т.б.

Ұжымда 12 класс жетекші, жоғарғы білімді- 10, арнаулы орта білімді- 2.

Класс жетекшілердің сапалық құрамы

Класс жетекшілер саны	Педагогикалық өтілі					Біліктік санаты			
	жоқ	1-3 жыл	3-5 жыл	5-10 жыл	10 жоғары	педагог	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші
12	-	-	-	3	9	2	3	7	-

Класс жетекшілер ӘБ-нің ұйымдастыруымен «Үздік класс жетекші» тақырыбында класс жетекшілер апталығының жоспары бекітілді. жоспар бойынша «Менің сыныбым» фотомонтаж жасау сайысы ұйымдастырылды. Әр жетекші өз оқу кабинеттерінде «Мен сыныбыммен мақтанамын» сынып жетістіктерінің көрмесі өткізілді. Мектеп психологы класс жетекшілер арасында «Ақ желкен» психологиялық сайысын өткізді. Класс жетекшілер ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, апталықты қорытындылау мақсатында «Егіз-лебіз» ән байқауы класс жетекшілер мен оқушылар арасында ұйымдастырылды.

❖ **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу.**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасын орындау мақсатында 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

81 тармағын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

❖ **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру.**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында 5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні kundelik.kz сайтында ҚББ бөлімінде көрсетіліп жазылады.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында класс жетекшілердің отырысында қаралаған мәселелер: Класс жетекшілерге әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаларды таныстыру, «Класс сағаттарын өткізуде жаңа идеялар мен түрлі формалар», «Жас сынып жетекшілермен жұмыс жоспарын құрып, оларға тәлімгер тағайындау», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Мектепшілік шаралардың, сынып сағаттарының жұмыстарының сапасы», «Дарынды және талантты оқушылармен сыныпта және сыныптан тыс жұмыстар», «Шығармашылықпен жұмыс жасайтың класс жетекшілердің іс тәжірибесімен бөлісу».

2022-2023 оқу жылында 12 класс комплекті жұмыс жасайды. Оқу жылының басында класс жетекшілер 01.09.2021 жылдың №44 бұйрығымен бекітілді.

1 класс - М.Н.Молдашева

2 класс - Г.Хамзина

3 класс - М.Р.Маханова

4 класс - А.Н.Танайова

5 класс - А.Ж.Сандигалиева

6 класс - М.Н.Тлесова

7 класс - Н.Т.Рахметқалиева

8 класс - И.Г.Кыныртаева

9 класс - Д.К.Куккозова

10 класс - А.Ж.Баймаханова

11 класс - З.Е.Ермаханова

1-11 класс жетекшілеріне тәрбие жұмысының жоспары және мемлекеттік қосымша бағдарламалармен жүргізілетін жұмыстар бойынша 8 бағыт-бағдар берілді. Осы аралықта атқарылған класс жетекшілердің тәрбие жұмысын зерделенді.

Класс жетекшілердің әдістемелік жұмысы туралы.

Класс жетекшілері әдістемелік бірлестігінің өзекті мәселесі:

- Класс жетекшілердің тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағытындағы потенциалын көрсету

Класс жетекшілердің әдістемелік

жұмысының мақсаты:

- педагогтардың өз кәсіби құзыреттілігін көтеруге ықыластылығын арттыру;

- озық іс-тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату;

- класс жетекшілерін заманауи озық технологиялармен қаруландыру және заман талаптарына сай әдіс – тәсілдерді

меңгерту;

Міндеттері:

- Мектептің қоғамдық өміріне тікелей қатысу;
- Бала тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік, құқықтық, салауаттылық, кәсіби бағытта ықпалдықтар жасау;
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушыларға қол ұшын беру;
- Оқу-тәрбие үрдісінде демеушілік көмек көрсету;
- Мектептің қоғамдық белсенділігін арттыру;

Класс жетекшісінің негізгі міндеттері:

- Сыныпта оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау, оның орындалуын қамтамасыз ету;
- Сыныпта жеке тұлғаның жағымды потенциалын дамытатын тиімді оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;
- Оқушыларды сыныптық және қоғамдық ұйымдардың іс-шараларына тарту;
- Әр оқушының жек бас қасиеттерін, қабілетін жан-жақты бақылап, зерттеу;
- Әрбір оқушының психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кәсіптік бағдарлығын, қасиеттрін қалыптастыру;
- Оқушылардың құқықтарын және әлеуметтік жағдайларын қорғау;
- Оқушыға қиын мәселелерді шешуге көмектесу;
- Ата-аналармен байланыс орнату, оларды оқушыларды тәрбиелеуге жұмылдыру;
- Мұғалімдер мен отбасы тәрбиесіндегі талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;
- Тәрбие жұмысының нәтижесін көрсететін құжаттармен жұмыс;
- Өзіндік білім деңгейін жетілдіру және т.б.

Ұжымда 12 класс жетекші, жоғарғы білімді- 11, арнаулы орта білімді- 1.

Класс жетекшілердің сапалық құрамы

Класс жетекшілер саны	Педагогикалық өтілі					Біліктік санаты			
	жоқ	1-3 жыл	3-5 жыл	5-10 жыл	10 жоғары	педагог	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші
12	-	-	-	5	7	4	3	5	-

❖ «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасын орындау мақсатында 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

81 тармағын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

❖ **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында 5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізілді. Тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылды. ЖЖЕ оқу курсы бойынша сынып журналының соңғы беттеріне жазылды.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өзін-өзі басқару – балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік. Біздің мектепте өзін-өзі басқаратын «Парламент» өз жұмысын жақсы жолға қойған. Олар:

- Интеллектуалды сайыстар ұйымдастыру;

- Өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыру;
- Мереке күндерін өткізу;
- Челленджерге қатысады облыстық және республикалық көлемінде ;
- Облыстық байқауларға қатысады ;
- «Қамқорлық» акцияларына қатысу;

Дебаттық турнирлердің қатысушылары 2021 жылы Ақтөбе Пікірталас орталығы ұйымдастырған “Болашағымыз бірлікте” турниріне қатысты. Сонымен қатар, Ақтөбе Пікірталас орталығы және “Алматы дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен “Бірлігіміз жарасқан” атты республикалық пікірсайыс турнирінде “Шебер сөз” номинациясы бойынша клуб президенті Жолтай Лаура ие болды. Ідірісова Камила Ақтөбе Пікірталас орталығы және “Алматы дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен “Бірлігіміз жарасқан” атты республикалық пікірсайыс турниріне қатысқаны үшін арнайы сертификатымен марапатталды. Ақтөбе облысы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен “Болашағымыз бірлікте” атты Ақтөбе мектеп лигасының жас буындарына арналған облыстық онлайн-турнирінде “Талантты ойыншы” номинациясы бойынша Жакенова Дильназ ие болды.

2021-2022 оқу жылында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен “Жалынды жастар - жарқын болашақ” атты пікірсайыс турнирінде жүлделі “Эдельвейс” фракциясы I орын, “Ділмар” фракциясы III орынға ие болып, оқушыларымыз облыстық турнирге жолдама алды. Сонымен қатар, Еркінбекқызы Жанар “Үздік спикер” атағына ие болды. Облыстық дебат турнирінен “Эдельвейс” фракциясы Ідірісова Камила мен Еркінбекқызы Жанар жүлделі II орын иеленіп, Республикаға жолдама алып, Республикалық дебат турниріне қатысқаны үшін марапатталды. “Ақтөбе-Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен қашықтықтан өткізілген республикалық “Ұшқыр ой алаңы” дебат турнирінің облыстық кезеңінде “Эдельвейс” дебат клубы мүшелері жүлделі II орынға ие болды.

2022-2023 оқу жылында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайдың «Толық адам» философиясы» атты облыстық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңі ұйымдастырылып, “Эдельвейс” фракциясы жеңіске жетіп, облыстық турнирге жолдама алды.

2021-2022 оқу жылында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық барысында “Мен және менің отбасым” сурет көрмесі, “Менің отбасым” шығармалар байқауы, “Ұрпақ жақсысы - ұядан” үлгілі отбасы туралы слайдтар жасалып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Халықаралық қарттар күніне арналған “Қарттарым - асыл қазынам” атты іс-шаралар жоспары құрылып, “Атамның даналық өсиеті” тақырыбында ата-әжелерімен әңгіме жүргізілді. “Мейірім” еріктілердің қатысуымен карантиндік талаптарды сақтай отырып, көмек көрсетілді. Ұстаздар мерекесіне арналған “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты іс-шара өткізілді. “Ұстаз сізге мың алғыс” тақырыбы аясында мектеп түлектері ұстаздар қауымын құттықтады. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты мерекелік концерт өткізді. Алтын күз мерекесіне орай 1-2 сыныптар арасында фотобайқау өткізілді. 3-4 сыныптарға сурет көрмесі ұйымдастырылса, 5-11 сыныптарда “Күз сыйы” Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қолөнер бұйымдарын жасады. 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай 5-11 сыныптар арасында

“Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Бір ел, бір тағдыр” тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Кітап көрмесі, пікірсайыс турнирі және де бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-11 сыныптар арасында “Менің Тәуелсіз Қазақстаным” сурет және қолөнер байқауы өткізілді. 1-11 сыныптарға “Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Жаңғыру жолы” деректі фильмі көрсетілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 2-5 сыныптарды “Жас Ұлан” және “Жас Қыран” балалар жасөспірімдер қозғалысы қатарына қабылдау салтанаты өтті. 5-11 сыныптарда “Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл” тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 1 наурыз “Алғыс айту” күніне орай мектеп парламенті мүшелері мен “Жас Қыран” мүшелері өздерінің жүрек жарды жылы лебіздерін жолдап, мейраммен құттықтады. 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті. “Сыйынар ем, Ана деген тәңірге...” тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік концерт өткізілді. Мерекеге орай мектебімізде ұзақ жыл тынбай қызмет етіп, қазіргі таңда сол бейнетінің зейнетін көріп отырған ұстаздарымызды мектеп ұжымы құттықтап барды. 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай жоспар құрылды. Жоспар бойынша 14 наурыз “Көрісу күні” мен “Шаттық күніне” орай мектеп ұжымы “Бесікке салу” рәсімін крсетті. 15 наурыз күні көркем еңбек пәні мұғалімі А.Б.Сабыр қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізді. 16 наурыз “Жайлау күні” мен “Сарқыт күніне” орай оқушыларымыз мектеп ауласында өсіп тұрған гүлдердің топырағын қопсытып, тыңайтты. 17 наурыз “Игі істер күні” қайырымдылық күніне орай жәрмеңке ұйымдастырылып, түскен қаражатқа азық*түлік алынып, ауылымыздың азаматтарына табысталды. 18 наурыз “Ұлттық спорт күніне” орай қазақша күрестен сайыс ұйымдастырылды. 12 сәуір - Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне және Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай “Талғаттың аспаны” деректі фильмі көрсетілді. 5-11 сыныптарға “Қазақтың текті қыраны” тақырыбында эссе өткізілді. 1 мамыр - Қазақстан халықтары бірлігі күніне орай 1-11 сыныптарда “1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні” бірлік сағаттары өткізілді. 1-4 сынып оқушылары “Қазақстан - көп ұлттың мекені” тақырыбында сурет салды. 5-8 сыныптар “Ұлттар достығы” биін биледі. 9-11 сынып оқушылары “Қазақстан - біздің сүйікті, ортақ Отанымыз!” тақырыбында құттықтауларын жолдады. 7 мамыр Отан қорғаушылар мен 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай 1-11 сыныптар арасында “Ерлік - ұрпаққа мұра”, “Біз Отан қорғаушылармыз”, “Еркін елдің ұланымыз” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Барлық өткізілген оффлайн және онлайн іс-шараларды “Instagram” әлеуметтік желісінен мектептің күн сайынғы атқарылып жатқан жұмыстары ата-аналар мен білім алушылар назарына ұсынылып отырады

2022-2023 оқу жылы барысында өскелең ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «Зерде» (танымдық), «Руханият» (адамгершілік, адалдық), «Отан» (патриоттық), «Салауат (салауатты өмір салты), «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік), «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыттары бойынша жұмыстар жасалды. Отан бағыты бойынша «Армысың алтын ұя мектебім» атты салтанатты жиын өткізілді. Отан бағыты бойынша қыркүйек айында Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай ҚР халықтарының тілдер күніне жоспар құрылды. Жоспар бойынша «Ұлт ұстазы» тақырыбында ақынның өлеңдері оқылып, орыс тіл пәні мұғалімі И.Кыныртаева «Ертегілер әлемі» атты бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер қойылым қойылды. Руханият бағыты бойынша «Тәрбие басы – отбасы» оқушылар арасында флэшмоб ұйымдастырылып, түрлі спорттық шаралар өткізілді. «Зерде» (танымдық) бағыты бойынша «Менің Отбасым» тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Зерде бағыты бойынша «Денсаулық фестивалі – 2022» аясында спорттық жарыс өткізілді. Жарысқа мектеп оқушылары мен қатар мектеп мұғалімдері, Әйке «Айгөлек» бала бақшасының ұжымы сонымен Әйке ауылдық округі әкімшілігінің қызметкерлері қатысып жүлделі I, II, III орындарға ие болды. Руханият бағыты бойынша адамгершілікке, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» ардагерлермен сұхбат жүргізілді.

Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу «Адамзаттың ұлы ұстаздары» атты «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен ән кеші өткізілді. Отан бағыты бойынша Азаматтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны» атты интеллектуалдық ойындар өткізілді. Салауат бағыты бойынша «Дұрыс тамақтанып, қуатты бол» Денсаулық күніне орай жаттығулар жасап, видеоролик инстаграм желісіне жарияланды. Отан бағыты бойынша Оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес!» бейнеролик ұйымдастырылды. Қыз балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, ұлтжандылыққа, әсемділікке тәрбиелеу мақсатында «Бой түзеу – әуелі ой түзеу» атты қыздар жиналысы өткізілді. «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты бойынша оқушыларға күзгі табиғаттың құбылыстарын, әсемдігін жеткізу мақсатында «Беркекелі алтын күз» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары көңілді ән сыйлап, сән үлгісіне қатысқан оқушылар марапатталды. 5-8-сынып оқушылар арасында «Күз ханшайымы мен Күз ханзадасы» атты байқауы өткізілді. Байқауға III орын 7-сынып оқушысы Қазі Темірлан мен Әбдібай Асылжан, II орынды 5-сынып оқушысы Сақыпбек Мағжан мен Нұрлан Назым, I орынды Рысқұлбек Ескендір мен Ертай Толқын иеленсе ал, бас жүлдеге Айтбай Сұлтан мен Жолтай Ақниет ие болды. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 3-4-сынып оқушылары арасында “Ар-ождан - адамдық өлшемі тақырыбында адалдық ағашы ой-бқлісу сабағы өткізілді. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Эделвейс” дебат клубының мүшелері арасында “Адал бол, адам бол!” тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 10-сынып оқушыларымен “Адам бойындағы асыл қасиет” тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді және барлық сыныптарда “Адалдық адамдықтың белгісі” тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді. “Ақтөбе-Дарын” өңірлі ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы Қазақстан халқы Ассамблеясының “Мың бала” республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында “Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы” атты жалпыхалықтық ашық диктант өткізілді. Оқу жылының алғашқы апталарында барлық сыныптарда “Баланың бас ұстазы - ата-ана!” тақырыбында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық барысында “Отбасы - тәрбие бастауы” атты 9-сыныпта пікірталас сабағы өткізілді. “Отбасы - ұлттың тірегі” тақырыбында ата-аналардың қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды. 5-сынып оқушылары ата-аналарымен мектеп психологі Н.Е.Ідрісова “Отбасы - өмір айнасы” тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін “Ұстаздар” мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 3-қазан күні “Өзін-өзі басқару ұйымының” жетекшілігімен “Дублер күні” өткізілді. Ұстаздар күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында мектебіміздің парақшасы арқылы “Бала тілі - бал” бейнеролик түсіру айдары болып өтті. Және де мектеп психологінің ұйымдастыруымен “Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті” тақырыбында ұстаздарымызбен психологиялық тренинг өткізілді. “Ойлы болсағ озып көр” тақырыбында ұстаздар мен оқушылар арасында шахмат және дойбы ойындарынан сайыс ұйымдастырылды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі “Ұстазыңды құттықта” байқауын жариялады. Байқауға мектебіміздің түлектері қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Жол жүру ережелері жоспарына сәйкес “Жол тәртібін жадында ұста” тақырыбы аясында 1-4-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 25-қазан республика күнін мерекелуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Қазақстан - достық мекені” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жоспарға сәйкес 1-4-сынып оқушыларына “Тұғыры биік - Тәуелсіз Қазақстан” тақырыбында бірыңғай диктанат жазу өткізілді. Сонымен қатар, “Менің Отаным - Қазақстан” тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. “Республика! Ерікті ел - Қазақстан” тақырыбында мерекелік кешімен

қорытындыланды. 28-қазан күні аудандық “Абайдың “Толық адам” философиясы” атты пікірсайыс турнирінде “Эдельвейс” дебат клубы 1-орын алып, облыстық турнирге жолдама алды.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысының нәтижесі

«Жас Ұлан» ұйымы - өскелең ұрпақты жоғары рухани – адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген Қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

Өзекті мәселесі: оқушылардың бойында патриоттық сезімін оята отырып, жан – жақты, ұлтжанды, өз елінің әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін, мәдениетін тәрбиелеу. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы дарынды, жеке тұлға, көшбасшы, зияткер оқушыларды қалыптастыруға жағдай жасау.

«Жас Ұланның» ұйымының мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білімге, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұланның» ұйымының міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысынан күтілетін нәтижелер:

- Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы;
- Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;
- Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы
- азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;
- Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;
- Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;
- Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары
- бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;
- Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады

«Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

«Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

«Жас Ұлан» мүшелерінің құқықтары:

- «Жас Ұлан» қызметіне белсенді қатысу;
- «Жас Ұлан» басқару органының құрамына сайлану және сайлау;
- «Жас Ұлан» жұмысының бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы табыстары және ерекше жеке жетістіктері үшін мақтаулар мен мадақтаулар алу (грамоталар, дипломдар, жазғы және сауықтыру лагерлеріне жолдама, «Жас Ұлан» Алтын Кітабына ену);
- «Жас Ұлан» органына өтініш, арыз, сұрақтар, бастамалар мен ұсыныстар беруге;
- Ұйымның барлық деңгейінде қызметі туралы ақпарат алуға;

«Жас Ұлан» мүшелерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу;
- «Жас Ұлан» Ережесін және басқару органдарының шешімін орындау;
- «Жас Ұланның» өзге мүшелері мен олардың құқықтарын құрметтеу, мойындау;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;
- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

2021-2022 оқу жылының 1 желтоқсанында Тұңғыш президент мерекесі қарсаңында Әйке жалпы білім беретін орта мектебінде «Жас ұлан» жасөспірімдер ұйымына қабылдау өткізілді. Жас ерекшеліктері бойынша 2-4 сыныптар аралығында «Жас қыран» ұйымына 22 оқушы, 5-сыныптар бойынша «Жас ұлан» ұйымына 11 оқушы қабылданды. Жас Ұлан ұйымы қатысуымен отбасы күніне орай апталық өткізілді. Апталық барысында “Жас қыран” ұйымы мүшелерінің қатысуымен “Мен және менің отбасым” сурет көрмесі, “Менің отбасым” шығармалар байқауы, “Ұрпақ жақсысы - ұядан” үлгілі отбасы туралы слайдтар жасалып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Халықаралық қарттар күніне арналған “Қарттарым - асыл қазынам” атты іс-шаралар жоспары құрылып, “Атамның даналық өсиеті” тақырыбында ата-әжелерімен әңгіме жүргізілді. “Мейірім” еріктілердің қатысуымен карантиндік талаптарды сақтай отырып, көмек көрсетілді. Ұстаздар

мерекесіне арналған “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты іс-шара өткізілді. “Ұстаз сізге мың алғыс” тақырыбы аясында мектеп түлектері ұстаздар қауымын құттықтады. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Адамзаттың ұлы ұстаздары” атты мерекелік концерт өткізді. Алтын күз мерекесіне орай 1-2 сыныптар арасында фотобайқау өткізілді. 3-4 сыныптарға сурет көрмесі ұйымдастырылса, 5-11 сыныптарда “Күз сыйы” Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қолөнер бұйымдарын жасады. 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай 5-11 сыныптар арасында “Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Бір ел, бір тағдыр” тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Кітап көрмесі, пікірсайыс турнирі және де бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-11 сыныптар арасында “Менің Тәуелсіз Қазақстаным” сурет және қолөнер байқауы өткізілді. 1-11 сыныптарға “Тәуелсіздіктің 7 қыры” циклының “Жаңғыру жолы” деректі фильмі көрсетілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 2-5 сыныптарды “Жас Ұлан” және “Жас Қыран” балалар жасөспірімдер қозғалысы қатарына қабылдау салтанаты өтті. 5-11 сыныптарда “Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл” тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 1 наурыз “Алғыс айту” күніне орай мектеп парламенті мүшелері мен “Жас Қыран” мүшелері өздерінің жүрек жарды жылы лебіздерін жолдап, мейраммен құттықтады. 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті. “Сыйынар ем, Ана деген тәңірге...” тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік концерт өткізілді. Мерекеге орай мектебімізде ұзақ жыл тынбай қызмет етіп, қазіргі таңда сол бейнетінің зейнетін көріп отырған ұстаздарымызды мектеп ұжымы құттықтап барды. 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай жоспар құрылды. Жоспар бойынша 14 наурыз “Көрісу күні” мен “Шаттық күніне” орай мектеп ұжымы “Бесікке салу” рәсімін ккрсетті. 15 наурыз күні көркем еңбек пәні мұғалімі А.Б.Сабыр қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізді. 16 наурыз “Жайлау күні” мен “Сарқыт күніне” орай оқушыларымыз мектеп ауласында өсіп тұрған гүлдердің топырағын қопсытып, тыңайтты. 17 наурыз “Игі істер күні” қайырымдылық күніне орай жәрмеңке ұйымдастырылып, түскен қаражатқа азық*түлік алынып, ауылымыздың азаматтарына табысталды. 18 наурыз “Ұлттық спорт күніне” орай қазақша күрестен сайыс ұйымдастырылды. 12 сәуір - Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне және Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай “Талғаттың аспаны” деректі фильмі көрсетілді. 5-11 сыныптарға “Қазақтың текті қыраны” тақырыбында эссе өткізілді. 1 мамыр - Қазақстан халықтары бірлігі күніне орай 1-11 сыныптарда “1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні” бірлік сағаттары өткізілді. 1-4 сынып оқушылары “Қазақстан - көп ұлттың мекені” тақырыбында сурет салды. 5-8 сыныптар “Ұлттар достығы” биін биледі. 9-11 сынып оқушылары “Қазақстан - біздің сүйікті, ортақ Отанымыз!” тақырыбында құттықтауларын жолдады. 7 мамыр Отан қорғаушылар мен 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай 1-11 сыныптар арасында “Ерлік - ұрпаққа мұра”, “Біз Отан қорғаушылармыз”, “Еркін елдің ұланымыз” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

2022-2023 оқу жылы барысында өскелең ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында *«Зерде»* (танымдық), *«Руханият»* (адамгершілік, адалдық), *«Отан»* (патриоттық), *«Салауат»* (салауатты өмір салты), *«Еңбек»* (еңбексүйгіштік, іскерлік), *«Жеті жарғы»* (құқықтық) бағыттары бойынша жұмыстар жасалды. *Отан бағыты бойынша* қыркүйек айында Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай ҚР халықтарының тілдер күніне жоспар құрылды. Жоспар бойынша «Ұлт ұстазы» тақырыбында ақынның өлеңдері оқылып, орыс тіл пәні мұғалімі И.Қыныртаева «Ертегілер әлемі» атты бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер қойылым қойылды. *Руханият бағыты бойынша* «Тәрбие басы – отбасы» оқушылар арасында флэшмоб ұйымдастырылып, түрлі спорттық шаралар өткізілді. *«Зерде» (танымдық) бағыты бойынша* «Менің Отбасым» тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Зерде бағыты

бойынша «Денсаулық фестивалі – 2022» аясында спорттық жарыс өткізілді. *Руханият бағыты бойынша* адамгершілікке, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» ардагерлермен сұхбат жүргізілді. Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу «Адамзаттың ұлы ұстаздары» атты «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен ән кеші өткізілді. *Отан бағыты бойынша* Азаматтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны» атты интеллектуалдық ойындар өткізілді. *Салауат бағыты бойынша* «Дұрыс тамақтанып, қуатты бол» Денсаулық күніне орай жаттығулар жасап, видеоролик инстаграм желісіне жарияланды. *Отан бағыты бойынша* оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес!» бейнеролик ұйымдастырылды. Қыз балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, ұлтжандылыққа, әсемділікке тәрбиелеу мақсатында «Бой түзеу – әуелі ой түзеу» атты қыздар жиналысы өткізілді. «Еңбек» (*еңбексүйгіштік, іскерлік*) бағыты бойынша оқушыларға күзгі табиғаттың құбылыстарын, әсемдігін жеткізу мақсатында «Берекелі алтын күз» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары көңілді ән сыйлап, сән үлгісіне қатысқан оқушылар марапатталды. 5-8сынып оқушылар арасында «Күз ханшайымы мен Күз ханзадасы» атты байқауы өткізілді. Байқауға III орын 7сынып оқушысы Қазі Темірлан мен Әбдібай Асылжан, II орынды 5 сынып оқушысы Сақыпбек Мағжан мен Нұрлан Назым, I орынды Рысқұлбек Ескендір мен Ертай Толқын иеленсе ал, бас жүлдеге Айтбай Сұлтан мен Жолтай Ақниет ие болды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 3-4 сынып оқушылары арасында «Ар-ождан - адамдық өлшемі тақырыбында адалдық ағашы ой-бқлісу сабағы өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Әделвейс» дебат клубының мүшелері арасында «Адал бол, адам бол!» тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. «Отбасы - ұлттың тірегі» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды. 5-сынып оқушылары ата-аналарымен мектеп психологі Н.Е.Ідірісова «Отбасы - өмір айнасы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін «Ұстаздар» мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 3-қазан күні «Өзін-өзі басқару ұйымының» жетекшілігімен «Дублер күні» өткізілді. Ұстаздар күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында мектебіміздің парақшасы арқылы «Бала тілі - бал» бейнеролик түсіру айдары болып өтті. Және де мектеп психологінің ұйымдастыруымен «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» тақырыбында ұстаздарымызбен психологиялық тренинг өткізілді. «Ойлы болсағ озып көр» тақырыбында ұстаздар мен оқушылар арасында шахмат және дойбы ойындарынан сайыс ұйымдастырылды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ұстазыңды құттықта» байқауын жариялады. Байқауға мектебіміздің түлектері қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Жол жүру ережелері жоспарына сәйкес «Жол тәртібін жадында ұста» тақырыбы аясында 1-4 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 25-қазан республика күнін мерекелуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақстан - достық мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жоспарға сәйкес 1-4 сынып оқушыларына «Тұғыры бийік - Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында бірыңғай диктанат жазу өткізілді.

Әлеуметтік қамтамасыз етудің тиімділігі

Әлеуметтік педагогтың жұмыс нысаны – балалар, жастар, ересек адамдар, қарттар, яғни бүкіл отбасы.

Әлеуметтік педагог мектепте төмендегідей негізгі бағыттарда жұмыс жасауы қажет:

1. Диагностикалық қызметі.

2. Өз қызметі шеңберінде көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау.
3. Кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру.
4. Ерекше назардағы оқушылармен жұмыс.
5. Сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен т.б. өзара қарым-қатынасты үйлестіру.
6. Өз қызметінде әлеуметтік педагог ҚР Конституциясын, бала құқығы туралы Конвенцияны, ҚР бала құқығын қорғау туралы заңын, Отбасы туралы заңын, ҚР басқа да нормативтік актілерін басшылыққа алуы қажет.

Білім беру мекемелерінің әлеуметтік педагогтарының құжаттары мен әдістемелік әдебиеттерінің тізімі:

1. Бала құқығы туралы Конвенция, ҚР бала құқығын қорғау туралы Заңы.
2. Әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері.
3. Әлеуметтік педагогтың жылдық және айлық жоспарлары оқушылар тізімі.
4. Мектепшілік бақылауда тұратын отбасылар мен балалар тізімі.
5. Қорғаушылық органдарының бақылауында тұратын көп балалы, бір ата-анасымен, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары, қолайсыз отбасы балалары, мүгедек балалар тізімі.
6. Патрионаттық отбасы тәрбиесіндегі балалардың жеке карточкалары.
7. Ата-аналар үшін жадынама, әдістемелік нұсқаулар.
8. Баланың әлеуметтік мәселелерін шешу және мұғалім мен оқушы арасындағы кикілжіңді реттеуге арналған әдістемелік нұсқаулар.
9. Қала мен аудан бойынша оқушылар мен ата-аналарға арналған, олардың өзекті мәселелерін шешу жодарына көмектесетін анықтамалық ақпарат.
10. Кіріс және шығыс құжаттары.
11. Атқарылған жұмыстардың есебі.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен қызмет мазмұны:

1. Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:

- 1) Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп сараптайды және өңдейді.
- 2) Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады.
- 3) Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуымен анықталады.

2. Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету;
- Өзара қарым-қатынаста, оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу;
- Баланың жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау;

- Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізу;
 - Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу;
 - Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;
 - Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;
 - Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу;
 - Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістемесін анықтау;
 - Сабақтан тыс уақытта оқушының физикалық және дарындылық талабын дамытуға жағдайлар жасау;
 - Медициналық-әлеуметтік тәуекелшілдер тобына жататын балаларды анықтайды.
 - Мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен балалар арасында қарым-қатынас орнатады.
 - Әлеуметтік ортадағы гуманистік, рухани- адамгершілік қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді.
 - Тұлғаның қоғам өміріне тиімді кірігуіне, Отанды сүю, қоршаған табиғи ортаны аялауына және азаматтық тәрбие беру шараларына ықпал етеді.
 - Психологпен, мұғалімдермен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.
 - Білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзіреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді
- Әлеуметтік педагогтың құқығы:
- Баланың педагогикалық медициналық құжаттарын қарауға;
 - Сабақтарға қатысып отыруға;
 - Баланың денсаулығы мен құқығын қорғау бойынша мектеп әкімшілігінің, медициналық, педагогикалық қызметкерлерінің және қоғамдық ұйымдардың алдында көкейтесті мәселелерді қоюға;
 - Медициналық- әлеуметтік мәселелер бойынша білім мекемелерінің эксперттік шешімдеріне араласуына;
 - Отбасы мүшелерінің мектеп пен отбасындағы кепілдігін анықтау мәселесін (даулы жағдай) қоюға;
 - Қажетті кезде тиісті органдарға ата-ана құқығынан айыру мәселесін ұсынуға, балалар мүддесін сотта қорғауға құқылы.
- Әлеуметтік педагогтың әрекет ету кезеңдері:
- 1-кезең-оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу;
 - 2-кезең-зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтайды, проблемалық жағдайға тап болған субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алу және жұмысты жоспарлау;
 - 3-кезең-әрбір іспен әлеуметтік-педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асыру.

2022-2023 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Жыл	Барлық оқушылар саны	Жетім балалар мен ата-Анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	Өгей әкемен тұратын балалар саны	Өгей анамен тұратын балалар саны	Азқамтылған отбасыдан балалар саны	Толық емес отбасы саны	Көп балалы отбасыдан балалар	Сәтсіз отбасылар саны	Мүгедек оқушылар саны
2022-2023	196	1	3	1	-	10	33\87	0	0

Мектеп оқушыларының әлеуметтік паспорты жасалынып, оқушылардың отбасы туралы зерттеу актілері жасалынып бекітілді. 3 жылдық статистиканы салыстыру арқылы өсу немесе кему көрсеткіштері анықталды. 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік паспорт арқылы азқамтылған отбасы саны азайды және сәтсіз отбасы жоқ. Орамал тағатын оқушылар және түрлі жалған діни ағымдарға тартылған оқушылар жоқ. 2022-2023 оқу жылы бойынша “Қамқоршылық кеңесінің” 4-отырысында ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі анықталып, ыстық тамақпен мектеп бойынша 36 оқушы қамтылды. Оның ішінде 1 оқушы қамқорлықта, ал қалған 35 оқушы өзге санаттағы оқушылар. Барлық оқушылардың ата-аналары өтініштерін жазды. Осы отбасылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу актілері толтырылып, растайтын құжаттары жинақталды.

Психологиялық қызметтің тиімділігі

Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.
- Жалпы мақсаттар мен ұстанымдар: мектеп жоспарлары және оларды іске асыру бағдарламалары, қызмет нәтижелерін талдау негізінде педагогтар ұжымымен және ата-аналармен өзара байланыс, ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Білім алушының жас және жеке психологиялық мүмкіндіктерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу.

- Оқу және дамуында қиындық сезінетін оқушыларға психологиялық –педагогикалық көмек ұйымдастыру.
- Әр білім алушының әлеуметтік өмірге барынша бейімделген үйлесімдітұлғаны қалыптастыру.
- Білім алушының зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін барлық психикалықүрдістердің дамуына ықпал ету.
- Білім алушының жалпы психикалық, әлеуметтік және психологиялықдамуын бақылау.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынасқұруына жағымды әсер ету, психологиялық сүйемелдеу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалықмәселелерді бірігіп шешу. Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

2021 – 2022 оқу жылының басталуымен мектепке жүргізілетін жұмыс жоспар жасалып бекітілді.

Жаңа оқу жылының басында 1-сынып оқушыларының оқуға даярлығын анықтау мақсатында «Йирасек –Керн» тесті алынды.Жалпы оқушылар саны 21 оқушы қабылданды.Тест нәтижесінде барлық балалар оқуға дайын деп анықталды.Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын жақсарту мақсатында оқу мазмұнының меңгеруге даярлау үшін тренингтер,сергіту жаттығулары өткізілді.

Диагностикалық жұмыстар:

1 классқа 21 оқушы қабылданды, оқушыларының оқуға даярлығын анықтау мақсатында «Йирасек –Керн» тесті , «Менің класым», «Аңдар мектебі» жобалау әдістемелері жүргізіліп, қортындысымен класс жетекшісі танысты. Мақсаты: 1 класс оқушыларының оқуға,ұжымға және сыныпқа бейімделу деңгейін анықтау.

5 класс оқушыларымен жүргізілген жұмыстар:

Мектепке мотивация әдістемесі(Н.Г.Лусканова), сауалнама, «Менің класым» (Л.П. Пономаренко) суреттік тест жүргізілді.

Мақсаты: Бейімделу процесін ерекшеліктерін анықтау,баланың мүмкін проблемаларын анықтау.

Нәтижесінде 5 класс оқушылары орта буынға бейімделгені байқалады,төмен мотивация көрсеткен оқушы жоқ.

Қортынды: Тест арқылы анықталған,бейімделуі қиын оқушы жоқ.

10 – класс оқушыларынан Н.Г.Лусканованың «Мектепке деген мотивация» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Оқушылардың жоғары сыныпқа бейімделуін анықтау.

Қортынды: Нәтижесінде 10 сынып оқушыларының жоғарғы сыныпқа бейімделгені байқалады, төмен мотивация көрсеткен оқушы жоқ.

6-7-8 сынып оқушыларынан «Зорлық зомбылық» бойынша сауалнамасы алынып, хаттамасы жасалынды.

8-11 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы («Д»стресс,депрессия,мазасыздық)

Мақсаты:Стресс,депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау

6-сынып оқушыларынан Темперамент зерттеу сауалнамасы

Мақсаты: Темпераменттің әртүрлі типтерінің белгілі бір пайыздық мөлшері болатынын анықтау

6-9 кластарға Зунге шкаласы

Мақсаты: Жасөспірім баланың бойындағы депрессия белгілерін анықтау

6 – 9 класс оқушыларының депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалауға бағытталған «Зунге» сауалнамасы онлайн түрде алынды.

Мақсаты: Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау, жаппай зерттеулер кезінде және алдын-ала, дәрігерге дейінгі диагностика, скринингтік диагностикасын анықтау.

Қортындысы: Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны 76. Сауалнама қорытындысы бойынша депрессиялық күйде жүрген оқушы анықталмады.

8-сынып Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР) Мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін анықтау

6-9 кластарға Зунге шкаласы

Мақсаты: Жасөспірім баланың бойындағы депрессия белгілерін анықтау

Қорытындысы: Сауалнама қорытындысы бойынша депрессиялық күйде жүрген оқушы анықталмады.

9-11 сынып оқушыларын «Спилберг» әдістемесі

9-сынып оқушыларына Кәсіби бағдар тесттері:

«Климов» әдістемесі

Мақсаты: Әдістеме арқылы Е.А.Климов классификациясымен сәйкестікте түрлі мамандықтарға сұрыптау.

Қорытынды: Әдістеме Е.А.Климов классификациясымен сәйкестікте түрлі мамандықтарға сұрыптау үшін арналған сауалнама жүргізілді және оқушыларға жауаптарына сүйене отырып, қандай мамандыққа бейім екендігі туралы ақпарат берілді.

«Голланд» әдістемесі

Мақсаты: Оқушылардың мамандық типін анықтау

Қорытындысы: Сауалнама жүргізілді және оқушыларға жауаптарына сүйене отырып, қандай мамандыққа бейім екендігі туралы ақпарат берілді.

«Голомшток картасы»

Мақсаты: А.Е.Голомшток жасаған «Қызығушылықтар картасы» бойынша танымдық қызығушылықтарды анықтау.

10-класс Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР) Мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін анықтау

Қорытындысы: сауалнама қорытындысы бойынша 10 класс оқушыларының интеллектуалдық деңгейі орташа оқушылар екені анықталмады.

4 сынып оқушыларына М.А. Панфиловтың «Кактус» әдістемесі

Мақсаты: Баланың эмоционалдық сферасын, агрессияны анықтау

Нұсқауы: Көз алдыңызға кактусты қалай елестетесіз, солай қағазға кактустың суретін салу тапсырылады.

8-11 сынып оқушыларынан Личко тесті (МПДО)

Мақсаты: Жасөспірімдердің мінез акцентуациясы типін анықтау

Диагностика:4-сынып оқушыларынан

Э.Ф.Замбацаевичение әдістемесі танымдық процестерді зерттеу

Мақсаты: Зияткерлік даму деңгейін анықтау,оқушылардың ақыл-ой дамуын түзету

Түзету-дамыту жұмыстары:

5 кластар арасында Психологиялық акция ұйымдастырылып, «Із кесуші» ойыны өткізіліп жеңімпаз марапатталады.

8 класс оқушыларымен «Калейдаскоп», «Мереке» ойыны жүргізіліп,анықтамасы журналға тіркелді.

11 Класс оқушыларымен «Емтиханға даярланудың тиімді жолдары» тақырыбында дәріс оқылып, «Тембилдинг» жаттығулары жүргізілді.

1-4 класс оқушыларына «Психомоториканы дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сай «Күпия дос» акциясы ұйымдастырылды.Ол акцияға 11 класс оқушыларымен сабақ беретін пән мұғалімдері қатысты. Акцияның мақсаты : білім алушылар мен мұғалімдер арасында жақсы көңіл-күй сылау,достық қарым-қатынас нығайту.Бұл акцияға оқушылар мен мұғалімдер бір-біріне жақсы көңіл –күй сыйлап белсене қатысты.

«Бақыт» психологиялық акция барысында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында 3 класс оқушыларымен психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Бастауыш класс оқушыларына бақыттың құндылық ретінде түсінік беру,бақытты болуға ұмтылу, психологиялық көмек беру.

Оқушылар тренинг барысында психологиялық жаттығулар мен ойындарға қатысты.

Оқу процесіндегі маңызды ҰБТ емтиханы кезіндегі күйзелістен ахуалдың алдын –алу және психологиялық дайындығын нығайту барысында 11 класс оқушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны өткізілді.

5- 7 класс оқушыларымен Психологиялық жобалық- ойын «Ұйқыдағы қала» іскерлік ойыны ұйымдастырылды

Мақсаты: Оқушылардың бір-бірімен сындарлы өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау,мамандықтар әлемінде бағдар деңгейін арттыру.Ойын барысында достық,мейірімділік сезімдері мен арман қиялдары анық байқалды.Іскерлік ойын ерекше әсер сыйлады.

1 -4 класс оқушыларымен «Сөйлемді құрастыру» , «Сәйкестендіру», «Паравоз» , «Мен білемін» ойындары өткізілді.

5-6 класс оқушыларына психологиялық акция «Пикник» ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балалармен жасөспірімдерге жақсы көңіл-күй сыйлау арқылы,шамадан тыс агрессиядан арылуға көмектесу.Ұжыммен қарым – қатынасын нығайту.Өзара достық қарым-қатынасты орнатуға психологиялық қолдау көрсету.

6-7 кластар аралығында «Сөмкесіз бір күн» - акциясы ұйымдастырылып, акцияға белсене қатысқан оқушылар марапатталып, сыйлықтар табысталды

1-4 класс оқушыларымен Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған (Т.В.Артемяеваның) «Айна», «Қағаздан жасалған қар», «Әртүрлі кейіпкерлер», «Апельсин» жаттығулары жүргізілді.

Профилактика бағыты бойынша :

4 класс оқушыларымен Отбасы күніне орай «Отбасы бақыт мекенім» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

«Ұстазым менің – ұстазым» тақырыбында мұғалімдермен ,«Жас маман ел болашағы» тақырыбында жас мамандармен психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Педагогтардың ұжымдық сыйластық,бір-біріне сенім арту,бірлесіп жұмыс жасауға баулу,көңіл-күйлерін көтеру.

«Әлеуметтік желінің бала өміріне қауіп қатері» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, слайдтар көрсетілді.(ZOOM) арқылы

1 сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылып, «Баланың мектепке бейімделуі» тақырыбында баяндама оқылып, жаттығулар жүргізілді.

Пән мұғалімдеріне «Дарынды оқушы-ұлт болашағы» тақырыбында дәріс оқылып,бейне роликтер көрсетілді.

Келеңсіз жағдайлардың алдын-алу барысында 5-11 кластар аралығында «Менің мүмкіндіктерім», «Өмір және мен», «Өмірді сүйе білейік», «Біз әлемді қалай өзгертеміз» пікірталас,жаттығулар,тренингтер өткізілді.

10-11 класс ата-аналарымен «Ата-ананың өмірге көз қарасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Ересектердің эмоционалдық құзыреттілігін дамыту» мақсатында Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы. Тренинг ұйымдастырылды

Мақсаты: Ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту,бала тәрбиесінің бағбаны-ата-ана мен мұғалім екенін ұғындыру. Оқушы мен ата - ана, мұғалім арасындағы кикілжіңді болдырмайтын қарым - қатынас орнату бір бірінің жан дүниесіне үңіліп, түсіне білуге, сыйластық, мейірімділік, әділдік пен адалдыққа шақыру.Қатысушылар: Ата-аналар,оқушылар және мұғалімдер.

11 класс оқушыларымен «Сенім –менің серігім» тақырыбында тренинг ұйымдастырылып, оқушылармен, пән мұғалімдері қатысты.

5-7 класс оқушыларымен «Ұялшақтықтан қалай құтылуға болады?» тақырыбында тренингтер ұйымдастырылды.

Мақсаты : Оқушылар бойндағы ұялшақтық сезімін және одан арылу жолдарын түсіндіру.

5 класс оқушыларының ата-аналарымен «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата- ана тәрбиесінің әдіс –тәсілдерін жетілдіре отырып қарым-қатынас орнату.

Ата –аналар тренингке жақсы көңіл-күймен белсене қатысты

4 класс оқушыларының ата-аналарына «Отбасы тәрбие бастауы» тақырыбында баяндама оқылып, бейнероликтер көрсетілді.

5-7 класс оқушыларына Келеңсіз жағдайлардың алдын –алу барысында «Өмір және оның мәні» тақырыбында дәріс оқылды.

Оқшауланудың алдын-алу барысында «Мен және менің ортам» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

8-11 кластар арлығында «Өмір неткен керемет!», «Өмір сүре білу – әрбір адам үшін сынақ» тақырыптарына шығармалар сайысы ұйымдастырылып, «Психикалық жан-күйді өзіндік бағалау» тесті алынды.

Класс жетекшілерге «Өскелең ұрпақ арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу» тақырыбында баяндама оқылып, талқыланды.

5 -6 класс оқушыларымен «Мен және менің достарым» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

3-4 класс оқушыларымен «Жұлдызды сәт» интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық алдын-алу және бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында жоғары класс оқушыларының ата-аналарымен «Ата –аналармен қалай өарым-қатынас жасаймыз» топтық жұмыс ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«ВЕЙП – денсаулыққа өте қауіпті» акция аясында 9-11 класс оқушыларына ВЕЙП қауіпі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«ВЕЙП –денсаулыққа өте қауіпті» атты акция барысында ата –аналарға ВЕЙП қауіпі туралы ақпараттар беріліп, бейнероликтер көрсетілді.

11 класс оқушыларының ата-аналарымен «Бала бақыт-жанұя жарастығы мен отбасы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

«Ұжымдағы менің орным» мұғалімдерден сауалнама алынды.

Келеңсіз жағдайдың алдын-алу барысында 8- 11 класс оқушыларынан Мазасыздану деңгейін анықтау тесті алынып, рөлдік ойындар жүргізілді.

8-11 класс оқушыларымен «Өзін-өзі құрметтеу», «Өкпе,реніш оларды білдіру жолдары», «Өмірге деген құлшыныс» тренингтер, «Өмірде жоқ жануар» жобалау тесті, «Өмірдің қызықты жақтары» пікірталас ұйымдастырылды. Мұғалімдермен «Тәртіптілік мінез-құлықтың адамгершілік» тақырыбында баяндама оқылып, бейнероликтер көрсетілді.

Алғыс айту күніне орай мұғалімдерге «Алғыс білдіру ең асыл сөз» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.8 класс ата-аналарымен «Бала –бақыт бастауы, отбасы- алтын дінгегі» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

Келеңсіз жағдайлардың алдын –алу барысында 7-11 класс оқушыларынан «Мен және менің дінге көзқарасым» сауалнама, Өзін-өзі бағалау тесті алынып, кинезалогиялық жаттығулар жүргізілді.

Зорлық –зомбылықтың алдын –алу барысында жоғары класс оқушыларының ата-аналарына «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тренинг ұйымдастырылып, слайдтар ,бейнероликтер көрсетіліп,түсіндірілді.

9-11 класс оқушыларымен«Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында тренинг өткізілді.

Ерте жүктіліктің алдын –алу шаралары бойынша :

«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны» тақырыбында жасөспірім қыздарға арналған кеңес сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ камын,ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуына жағдай жасау.

«Дені сау ана – дені сау бала» дөңгелек үстел ұйымдастырылып, 9-11 класс қыз балалары қатысты.

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық,жүріс-тұрыс дағдысы,қыз намысы туралы мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани адамгершілік,әдептілік,сыпайылық,имандылық, таза қасиеттерді дамыту.

9-11 класс қыз балаларымен «Ерте тұрмыс құру дұрыс па?» психологиялық тренинг ұйымдастырылып, бейнероликтер көрсетілді.

Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып,салт – дәстүрін,қыз баланың бойына сіңіре отырып,қыз балаға келешекте ана алдында,қоғамның, елдің ұлттың тыныс-тіршілігінің барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, жан-жақты тәрбиелеу.

Мектеп бойынша «Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.Қорыта келе жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай, жүзеге асып келеді.Жүргізілген жұмыстар уақытында қортындыланып, таныстырылып отырылады.Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

2020 -2021 оқу жылының I-және II жарты жылдық бойынша

Девиантты мінез-құлық	Полиция бөлімінде тұрған	Мектепшілік есепте тұрған	Тәуекел топ» (Юнисеф бағдарламасы бойынша)	Бақылауға алынған	Есепке алынған оқушы
0	0	0	0	0	0

2020 -2021 оқу жылының I-II жарты жылдығы бойынша «Сенім жәшігіне» келіп түскен мәліметтер саны

Мектебі	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Әйке ЖОББМ	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Психологиялық бағыт жұмыстарының қортындысы бойынша

ӘйкеЖОББМ	Коррекциялық жұмыс	Диагностикалық жұмыс саны	Ағартушылық жұмыс саны	Кеңес беру жұмыс саны	Алдын –алу жұмыс саны
	18	19	37	32	25

2022 – 2023 оқу жылының басталуымен мектепке жүргізілетін жұмыс жоспар жасалып бекітілді.

Диагностикалық жұмыстар:

Жаңа оқу жылы басталған соң 1- сынып оқушыларының оқуға даярлығын анықтау мақсатында «Йирасек –Керн» тесті алынды. Жалпы оқушылар саны 21 оқушы қабылданды. Тест нәтижесінде барлық балалар оқуға дайын деп анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын жақсарту мақсатында оқу мазмұнының меңгеруге даярлау үшін тренингтер, сергіту жаттығулары өткізілді.

6 – 11 класс оқушыларына Басса Дарки әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: Бала агрессиясының түрін және көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Қортындысы: Барлық оқушыда қастандық және агрессия қалыпты.

1 класс оқушыларына «Менің класым», «Аңдар мектебі» жобалау әдістемелері жүргізіліп, қортындысымен класс жетекшісі танысты.

Мақсаты: 1 класс оқушыларының оқуға, ұжымға және сыныпқа бейімделу деңгейін анықтау.

Қортындысы: 1 класс бойынша барлық оқушылар мектепке жақсы бейімделген, сынып жетекшісімен қарым-қатынасы жақсы.

5 класс оқушыларымен жүргізілген жұмыстар:

Мектепке мотивация әдістемесі (Н.Г. Лусканова)

Мақсаты: 5- класс оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау.

Қортынды: Нәтижесінде 5 класс оқушылары орта буынға бейімделгені байқалады, төмен мотивация көрсеткен оқушы жоқ.

Суреттік тест: «Менің класым» (Л.П. Пономаренко)

Мақсаты: Бейімделу процесін ерекшеліктерін анықтау, баланың мүмкін проблемаларын анықтау.

Қортынды: Тест арқылы анықталған, бейімделуі қиын оқушы жоқ.

10 – класс оқушыларынан Н.Г. Лусканованың «Мектепке деген мотивация» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Оқушылардың жоғары сыныпқа бейімделуін анықтау.

Қортынды: Нәтижесінде 10 сынып оқушыларының жоғарғы сыныпқа бейімделгені байқалады, төмен мотивация көрсеткен оқушы жоқ.

8-11 класс оқушыларынан DASS сауалнамасы («Д» стресс, депрессия, мазасыздық) алынып, журналға тіркелінді.

Мақсаты: Стресс, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау.

6 - 7 класс оқушыларының депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалауға бағытталған «Зунге» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау, жаппай зерттеулер кезінде және алдын-ала, дәрігерге дейінгі диагностика, скринингтік диагностикасын анықтау.

Қортындысы: Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны 27. Сауалнама қорытындысы бойынша депрессиялық күйде жүрген оқушы анықталмады.

6 -7 класстардан Р.Г. Гудман сауалнамасы.Күшті жақтары мен қиындықтарын анықтау.(Жахандық қызмет ету) алынып, қортындысы электронный журналға тіркелді.

Мақсаты: Жас өспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау.

Түзету дамыту жұмыстары:

1- класс оқушыларымен мектепке бейімделу мақсатында сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

4-5 кластар аралығында психологиялық акция ұйымдастырылып, «Із кесуші» ойыны өткізілді.

2- Акцияның мақсаты: Қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар,түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту.

2-4 кластар аралығында сергіту жаттығулары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін көтеру:

Профилактика бағыты бойынша:

Отбасы күніне орай 5 класс ата – аналарымен «Отбасы –өмір аясы» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ата –ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту.Өз баласын түсінуге мүмкіндік беру.

9 класс оқушыларымен отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбында тәрбие сағаты жүргізілді.

Мақсаты:Отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып,ұлттық салтты,дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу,алдағы өмірге даярлау.

10 -11 класс оқушыларына «Зорлық –зобылыққа жол жоқ» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді.

Мұғалімдер күніне орай ұстаздармен «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мұғалімдерге жақсы көңіл –күй сыйлау,жақсы қарым-қатынас орнату.

11 қазан қыздар күніне орай 9- 11 класс қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

1 класс ата-аналарымен «Ата-ана махабаты» (баланың 1 классқа бейімделуі) тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп пен ата-ана байланысын ,отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру.

Мектеп бойынша ПМПК шешімін инклюзивті оқыту бойынша «Ерекше білімді қажет ететін балалар» 1 оқушы есепке алынып, жеке карталары толтырылып, оқушымен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Қорыта келе ,жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай, жүзеге асып келеді.Жүргізілген жұмыстар уақытында қортындыланып, таныстырылып отырылады.

2022 -2023 оқу жылының I- тоқсан бойынша

Девиантты мінез-құлық	Полиция бөлімінде тұрған	Мектепшілік есепте тұрған	«Тәуекел топ»	Бақылауға алынған	Есепке алынған оқушы
0	0	0	2	0	0

2022 -2023 оқу жылының бойынша «Сенім жәшігіне» келіп түскен мәліметтер саны

Мектебі	Қыркүйек	Қазан
Әйке ЖОББМ	0	0

Психологиялық бағыт жұмыстарының қортындысы I тоқсан бойынша

ӘйкеЖОББМ	Коррекциялық жұмыс	Диагностикалық жұмыс саны	Ағартушылық жұмыс саны	Кеңес беру жұмыс саны	Алдын-алу жұмыс саны
	16	22	33	35	22

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыруда кері байланыс пен түзету қызметінің тиімділігі.

Ата-аналардың тәрбие процесіне қамтылуы

2021-2022 оқу жылының қыркүйек 2022-2023 қазан аралығында

1-4 сыныптарда-80%-90%

5-9 сыныптарда 70%-80%

10-11 сыныптарда 70%-95%

Ата-аналарды тәрбие процесіне тарту-ата-ана жауапкершілігін нығайтудың бірден бір жолы.

Ата-аналармен жұмыс барысында кездесетін кемшіліктер:

1. Ата-аналардың жиналысқа аздау қатысуы;
2. Баласының тәрбиесімен мүлде қызықпауы, жауапкершіліктің аздығы;
3. Ата-ана мен бала арасында қарым қатынастың әлсіздігі; Аталған кедергілерді жою үшін:

1. Жиналыстарды түрлендіріп өткізу;
2. Ата-аналардың сауатын көтеру үшін конференциялар, практикалық сабақтар өткізу;
3. «Әкелер», «Аналар», клубтарының жұмыстарын жандандыру;

Мектепте алдын –алу жұмыстары жүргізіледі: Әрбір алдын алу жұмыстары әр айға жоспарланады және орындаланады

- 1.Құқықбұзушылы тың алдын-алу
- 2.Діни экстремизмге қарсы күрес
3. Балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың алдын-алу
4. Ерте жүктіліктің алдын –алу
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
- 6.Балалардың еңбегін пайдаланудың алдын-алу
- 7.Жолда жүру ережелерінің түсіндіру жұмыстары
- 8.Нашақорлықтың алдын алу.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

Мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмаған мектеп оқушыларының құқық бұзушылығының алдын алу

Міндеттері:

- Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жүйесін құру;
 - «Тәуекел топ» тізіміне жататын оқушыларды анықтау барысында олармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу;
 - Сәтсіз жаңұяларды анықтау барысында оларға кеңес беру, көмек көрсету;
 - Кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың бос уақыттарын үнемді пайдалану мақсатында әртүрлі спорттық секцияларға қатысуына ықпал ету;
- Ата-аналарға бала тәрбиесінде әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру.

2020-2021 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мектебімізде «Тәуекел топқа» жататын және де есепте тұрған оқушылар жоқ. Сонымен қатар, жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс шаралардың жоспары оқушылардан бөлек жыл сайынғы дәстүр бойынша ата-аналарға да жиналыс жасалып түсіндіріліп өтті. Оқу жылының басында құқықбұзушылық туралы әр класс жетекшілері де өз жұмыстарын жүргізіп отырды.

02.09.2020 жылы мектеп директорының №58 бұйрығы негізінде «Тәртіп сақшылары» тобы қайта құрылып, өз жұмыстарын уақытылы

атқарды. Оның құрамында мектеп әкімшілігі және де барлық мұғалімдер кіргізілді. Топтың мақсаты – мектеп оқушыларының мезгілсіз уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау, кезекшілік бойынша түнгі уақытта көшеде беймезгіл және бейсауыт жүрген оқушыларды анықтап, ата аналарына тапсырып, түсініктемелерін ала отырып, сынып жетекшілеріне және мектеп директорына хабарлап отыру. Осы уақытқа дейін жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық туралы арыз шағым түскен жоқ. Сонымен қатар, сенім жәшігіне түскен арыз-шағым жоқ.

Әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім мен мектеп психологі Н.Ідірісова қараша айындағы жоспарға сәйкес кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу жұмыстарын жүргізді. Желтоқсан айында барлық сыныптар бойынша «Отбасылық тәрбиенің мәселелері» тақырыбындағы онлайн режимде ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы сыныптық ата-аналар жиналыстары өткізілді.

2021 жылғы 2 ақпанда Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ УПИ-ры полиция капитаны Д.М.Әбдірахман және Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ КТІЖ учаскелік полиция инспекторы (білім беру ұйымына бекітілген) А.Умирзакова «Әйке жалпы орта білім беретін мектебінің» 9, 10 және 11 сыныптағы оқушыларымен кездесіп, Б.Бейсенов атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясына күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға қабылдау ережелері бойынша түсіндіру жұмысын өткізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес Жоғары сыныптар арасында кәмелетке толмағандарға қатысты "Құқық бұзушылықтың алдын алу" бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жол ережелерінің тәртібін сақтау; кәсіби бағдар болашақ мамандық таңдауда маңызды тақырыптарында ақпараттар айтылды. Кәсіби бағдар беруші: ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Әбдірахман Дидар Мерекеұлы.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ZOOM платформасында өткізілген "Құқық бұзушылықтың алдын алу", "Құқықтық мәдениетті көтеру" тақырыбында аудандық сот төрағасы А.С.Аятов және Әйтеке би ауданының прокуроры У.Орынбасарұлымен онлайн кездесу ұйымдастырды. Кездесуге мектебіміздің 8-сынып оқушылары қатысты. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім мен мектеп психологі Н.Ідірісова «Девиантты оқушылар» тақырыбы негізінде оқушылар арасында бұл категорияға жататын балаларды анықтау мақсатында сауалнама, құқықтық сағаттар шараларын жүргізді, нәтижесінде бұл топқа жататын оқушылар анықталған жоқ. Сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Тәртіп ережелерін және мектеп Жарғысын орындау» бойынша барлық сыныптарда ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы ата-аналар жиналыстары өткізді.

Сынып жетекшілері, МДТІЖО К.О.Қазбай, әлеуметтік педагог А.Әбдікәрім, мектеп психологі Н.Ідірісованың қатысуымен «Отбасылық тәрбиенің мәселелері» бойынша барлық сыныптарда ZOOM платформасы және де WhatsApp желілері арқылы ата-аналар жиналыстары өткізді. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес мектеп психологі Н.Ідірісова «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбы негізінде 9-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспарына сәйкес жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Тәртіп сақшылар» тобы түнгі рейд жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында құқықбұзушылық орын алған жоқ. Түнгі рейд жүргізген кезекші мұғалімдер А.Т.Анах және Т.Е.Әбдікәрім.

2021-2022 оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие

мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасады. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтті. Кеңес құрамында 10 адам бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралды. Жоспар бойынша ай сайын және айлық жоспар бойынша түрлі әдістер мен іс-шаралар өткізілді. Олар: дөңгелек үстел, пікірталас, тәрбие сағаттары, құқық бұзушылық қызметкерімен, медбикесімен кездесулер өткізіліп отырды. Осы жоспар бойынша тек құқық бұзушылық қана емес, патриоттық, адамгершілік, талғамдық тәрбиеге қатысты жұмыстар атқарылды. 26 қыркүйектен 6 қазанға дейін «Бақытты балалық шаққа құқылы» атты онкүндік өткізілді. Онкүндіктің мақсаты; оқушыларға құқықбұзушылық және жауапкершілік туралы түсініктеме беру, әңгімелесу. Жоспар бойынша сынып жетекшілері «Қыз баламен ер балалар арасындағы достығы», «Сыныптағы қарым-қатынас», «Құқықбұзушылық және жауапкершілік туралы» сыныптық тәрбие сағаттарын өткізілді. Құқық негіздері сабағында Б.Р.Абдиганиев 9-сынып оқушыларын Конституция баптарымен таныстырды. Мектеп медбикесі А.Қазбаева мектебіміздің қыз балалармен «Қазіргі жасөспірімдер арасындағы жыныстық қарым-қатынасы туралы», «жұқпалы аурулар» туралы дәріс оқыды. Ауыл инспекторы 5-9 сынып оқушыларына «Құқық және заң», «Құқықбұзушылық және жауапкершілік», «Ұрлық» тақырыбында дәріс оқып, қылмыстық баптармен таныстырды.

2022-2023 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу іс шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Мектепте «Тәуекел топқа» жататын және де есепте тұрған оқушылар жоқ. Сонымен қатар, жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс шаралардың жоспары оқушылардан бөлек жыл сайынғы дәстүр бойынша ата-аналарға да жиналыс жасалып түсіндіріліп өтті. Оқу жылының басында құқықбұзушылық туралы әр класс жетекшілері де өз жұмыстарын жүргізіп отырды.

01.09.2020 жылы мектеп директорының №50 бұйрығы негізінде «Тәртіп сақшылары» тобы қайта құрылып, өз жұмыстарын уақытылы атқарды. Оның құрамында мектеп әкімшілігі және де барлық мұғалімдер кіргізілді. Топтың мақсаты – мектеп оқушыларының мезгілсіз уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау, кезекшілік бойынша түнгі уақытта көшеде беймезгіл және бейсауыт жүрген оқушыларды анықтап, ата аналарына тапсырып, түсініктемелерін ала отырып, сынып жетекшілеріне және мектеп директорына хабарлап отыру. Осы уақытқа дейін жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық туралы арыз шағым түскен жоқ. Сонымен қатар, сенім жәшігіне түскен арыз-шағым жоқ.

Жыл	Барлық оқушылар саны	Психологиялық денсаулығына байланысты орталықта тұрған оқушылар саны	Суицидтік әрекеттер саны	Қылмыстар саны	Құқық бұзушылық саны	Мектепшілік және аудандық есепте тұрған оқушылар саны	Тәуекел топтағы оқушылар саны
2022-2023	196	0	0	0	0	0	0

Соңғы жылдардағы көрсеткіштерді саралай келе мектепшілік есепке алуда кему көрсеткіштері байқалады. Тәуекел тобындағы оқушылармен психологиялық тренингтер, түсіндіру жұмыстары, ата-анасымен жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мынадай жұмыстарды жандандыруды мақсаты қойылды:

1. Өтілетін шараларға жаңашылдық енгізу;
2. Сынып жетекшілер тарапынан ата-анамен жеке жұмыс жасау;
3. Пән мұғалімдермен байланысты нығайту;
4. Шұғыл алгоритм бойынша байланыса отырып жұмыс жасау;
5. Психологиялық-әлеуметтік қызметтің сапасын көтеру үшін бақылау мен басшылықты күшейту.



Мектеп директорының м.у.а.:

Жумагалиева Н.А.

Комиссия мүшелері:

Сарсембаева Г.Н.

Өмірбекова А.А.

Қазбай К.О.

Маханова М.Р.